



DIGITAL ALMATY 2025:

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ

отандық технологиялық
экожүйені қалыптастырады

3

Almaty
AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

№10 (6572) 4 ақпан, сейсенбі, 2025 жыл.

www.aqshamnews.kz

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШЕШІМ

«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»

болашақтың қамы үшін жасалған қадам



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың қыркүйегінде Қазақстан халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Ұлттық қор – балаларға» жобасының қолға алынуына бастамашы болған еді. «Біз азаматтарымыздың өмір сүру сапасын жақсарту және балаларымыз үшін жақсы болашақты қамтамасыз ету үшін негіз жасаймыз», – деген еді Президент.

3

САРАПТАМА

АҚШ пен ҚЫТАЙ

Екі алпауыт ел арасындағы жасанды интеллект текетіресі

DeepSeek – Қытайлық шағын стартаптың жасаған, коды ашық, өнімділігі жоғары және шығыны төмен жасанды интеллект (ЖИ) моделі. Бұл жүйе нарықтағы дәстүрлі, қымбат әрі үлкен есептеу қуатын қажет ететін АҚШ-тағы жетекші ЖИ үлгілерімен (мысалы, OpenAI-дың ChatGPT) тікелей бәсекеге түсе отырып, технологиялық ландшафтты түбегейлі өзгертуі мүмкін. Сонымен қатар, DeepSeek-тің табысты іске қосылуы АҚШ пен Қытай арасындағы геосаяси және экономикалық текетіресті айқындай түсті.

2



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

4.02.2025

Түнде:



-8-10 °C

Көшпелі бұлтты,
тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:



-0-2 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
тұман, жолдарда көктайғақ.

5.02.2025

Түнде:



-8-10 °C

Көшпелі бұлтты,
тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:



-2-4 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-
шашынсыз. Кей уақытта тұман.
Жолдарда көктайғақ.

6.02.2025

Түнде:



-15-17 °C

Көшпелі бұлтты, тұман.
Жолдарда көктайғақ.

Күндіз:



-5-7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.
Жолдарда көктайғақ.

www.aqshamnews.kz



9 772223 237006 >

АҚШ пен ҚЫТАЙ

Екі алпауыт ел арасындағы жасанды интеллект текетіресі

(Басы 1-бетте)

Соңғы жылдары жасанды интеллект технологиясы әлемдік экономика мен саясатта басты роль атқара бастады. АҚШ-тағы жетекші компаниялар миллиардтаған долларларды жұмсап, инфрақұрылымды кеңейтуге бағытталған кезде, Қытай санкцияларға қарамастан, ресурстарды тиімді пайдалану арқылы DeepSeek сияқты модельдерді дамытуда жаңа тәсілдерді енгізуде. Бұл жағдай халықаралық нарықтағы теңгерім мен бәсекелестік құрылымына сұрақтар туындатып, екі супердержаваның – АҚШ пен Қытайдың – ЖИ саласындағы басымдық үшін күресін одан әрі шиеленістірді.

DeepSeek-тің ерекшеліктері мен технологиялық жаңалығы

DeepSeek жүйесінің басты артықшылықтарының бірі – ол өз жұмысын жоғары деңгейде орындап, сонымен бірге дамытушыларға ашық кодты платформа ретінде ұсынылады. Бұл мүмкіндік әлемдік қауымдастықтың модельдің ішкі құрылымын зерттеп, оны одан әрі жетілдіруге жағдай жасайды.

Сонымен қатар, DeepSeek төмен қуатты және әлдеқайда аз шығынды аппараттық құралдарды пайдаланып, жүздеген миллиард доллар жұмсалатын басқа үлгілермен салыстырғанда айтарлықтай үнемді жұмыс жасайды. Мысалы, DeepSeek-тің R1 нұсқасы 6 миллион долларға жетпейтін шығынмен және шамамен 2 мың қарапайым чипті қолдана отырып әзірленген, ал батыс үлгілері үшін бұл көрсеткіш әлдеқайда жоғары.

Дегенмен, жүйенің бірқатар мәселелері де бар: DeepSeek әдетте саяси тұрғыда сезімтал тақырыптарға – Шыңжаң, Тяньаньмэнь немесе Қытайдың адам құқықтары туралы мәселелеріне жауап беруден бас тартады, бұл оның цензураланған қасиетін көрсетеді. Бұл ерекшелік, бір жағынан, нарықтағы коммерциялық мақсатты көздегендерге қауіпсіздік пен саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталса, екінші жағынан, ақпараттың толық берілмеуіне әкеледі.

Нарықтағы әсері және экономикалық салдары

DeepSeek-тің іске қосылуы әлемдік технологиялық нарықта үлкен резонанс тудырды. АҚШ-тың жетекші ЖИ және чип өнді-



руші компаниялары – мысалы, Nvidia – осы жаңалықтан кейін өз акцияларының құнсыздануына әкеліп, триллион долларлық нарықтық құнның төмендеуіне себеп болды.

Батыс технологиялық гиганттардың инвестициялары мен инфрақұрылымға бағытталған стратегиялары осы оқиға нәтижесінде сынға ұшырады. Бұл жағдай өндірушілерге ғана емес, соңғы пайдаланушылар мен стартаптарға да жаңа мүмкіндіктер ашатыны айқын: құны төмен, энергия үнемділігі және ашықтық арқылы технологияның кеңінен таралуы – нарықтағы бәсекелестіктің артуына ықпал етеді.

DeepSeek-тің дамуы мен оның нарықтағы әсері АҚШ пен Қытай арасындағы ЖИ саласындағы текетіресі тағы бір рет көрсетті. АҚШ компаниялары миллиардтаған доллар жұмсап, ең жаңа және қуатты аппараттық құралдарға сүйенсе, Қытай санкцияларға қарамастан, шектеулі ресурстармен инновациялық шешімдерді енгізуге мәжбүр болды.

Геосаяси және экономикалық факторлар

АҚШ-тың жоғары технологиялық жабдыктарға экспорттық шектеулері Қытайды өз алдына тиімді шешімдер іздеуге итермеледі. Бұл жағдай Қытайлық инженерлердің шығар-

машылығын арттырып, DeepSeek сияқты өнімдердің пайда болуына ықпал етті. Сонымен бірге, АҚШ-тың технологиялық үстемдігіне деген сенімділік нарықта сын-қатер туғызады. Кейбір сарапшылардың айтуынша, бұл оқиға АҚШ-тағы ЖИ-дың дамуына жұмсалатын шығындардың тиімділігін қайта қарауға мәжбүрлейді, себебі қазіргі стратегия тек үлкен қаржы мен энергияға тәуелді.

Саяси әсерлері мен болашаққа болжамдар

DeepSeek-тің жетістігі халықаралық деңгейде ақпараттық қауіпсіздік пен ұлттық мүдделерді қорғау мәселелерін қайта көтерді. АҚШ пен басқа да батыс елдері Қытайдың ЖИ технологиясын пайдалануында деректердің қауіпсіздігі мен интеллектуалдық меншік құқықтарына қатысты алаңдаушылық білдіруде. Сонымен бірге, ашық кодты жүйелердің дамуы мен инновациялары, оның ішінде DeepSeek, нарықта жаңа бәсекелестік орта қалыптастырып, батыс және шығыс технологиялық модельдері арасындағы теңгерімді қайта қарауға себеп болады. Бұл жағдайда, әлемдік деңгейде ЖИ саласындағы басымдық тек қаржы көлемімен емес, сонымен қатар, тиімділіктен және ашық инновациядан тәуелді болады.

ТҮЙІН:
DeepSeek – Қытайдың жасанды интеллект технологияларындағы жаңа қадамы ғана емес, ол АҚШ пен Қытай арасындағы күрестің де бір көрінісі. Шығыны төмен, энергияға үнемді және ашық кодты жүйенің нарықтағы табысты үлгісі батыс технологиялық алыптарының дәстүрлі тәсілдеріне сын болып отыр. Бұл оқиға халықаралық нарықта бәсекелестік пен инновацияның жаңа кезеңіне өтуге, сондай-ақ, геосаяси шиеленістер мен ұлттық қауіпсіздік мәселелерін қайта қарауға түрткі болады. Алдағы уақытта технология саласындағы жаңалықтар мен өзгерістер АҚШ пен Қытай арасындағы текетіресі одан әрі шиеленістіруі ықтимал. Дегенмен, осындай жағдайлар нарықта жаңа мүмкіндіктерді ашып, пайдаланушылар мен стартаптарға пайда әкелуі де мүмкін. DeepSeek-тің пайда болуы – бір жағынан, шектеулерге қарсы табысқа жетудің үлгісі, ал екінші жағынан, халықаралық деңгейдегі технологиялық теңгерім мен геосаяси күштердің өзгеруіне әкелетін жаңа белес. Бұл – болашақта ЖИ технологияларының қалай дамитыны туралы маңызды сұрақтар туындататын оқиға.

Мейіржан
ӘУЕЛХАНҰЛЫ,
ІТ сарапшы,
журналист.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Пердехан ШӘМШИЕВ,
«Алматы ақшамының»
сарапшысы:

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БӘСЕКЕ саясиланып барады

• Қазір әлемге назар салсақ, алпауыт елдер арасындағы бәсеке күшейе түскенін байқауға болады. Әсіресе, АҚШ пен Қытай арасындағы текетіресің белгілері айқын көрінеді.

Бастапқыда сауда соғысынан басталған текетірес, қазір технологиялық сипатқа айналып барады. Ендігі күрес алаңы Жасанды интеллект (ЖИ) саласына ауысты. Вашингтон мен Бейжің арасындағы ЖИ саласындағы бәсекелестіктің қайда апаратыны Қазақстан үшін де маңызды. Себебі, біріншіден, «көштің басы қайда барса, соңы да сонда барады». АҚШ пен Қытайдың бәсекесі ЖИ-дің қалай дамитынына әсер етеді. Екіншіден, бұл тенденцияның еліміздің басшылығы да байқаған. Себебі, соңғы екі жылда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы саланы дамытуға басымдық беруде.

2018–2020 жылдары екі алпауыт елдердің арасындағы текетіресің бірінші кезеңі өтті. Бұл кезең Дональд Трамптың алғашқы президенттік мерзімімен тұспа-тұс келді. Ол кездегі бәсекелестік экономикалық, сауда соғысы аясында өрбіген.

2018 жылы қаңтарда Д.Трамп АҚШ-қа импортталатын қытайлық күн сәулесінен қуат алатын батареяларға 30% салықтық тарифті енгізеді. Сонымен қатар, кір жуғыш машиналарға да салықты арттырады. Осылайша екі алып ел-

дер арасында сауда соғысы басталған. Сауда соғысы Трамптың президенттік мерзімі аяқталғанға дейін созылды. Алайда, 2020 жылға қарай текетірес бәсеңсіді. Себебі, АҚШ-тың 47-президенті алдағы сайлауға дайындыққа көбірек көңіл бөлген болатын. Оның үстіне қарсыласы Джо Байден Қытайға қарсы жүргізілген сауда соғысынан зәбір көріп отырған америкалықтардың саяси көңіл күйін ұтымды пайдаланып кетті.

Бейжің Вашингтонның әрекеттеріне ұзақ уақыт жауап қатпады. Себебі, америкалықтардың ойлағаны Қытайды сауда соғысына қатысуға түрткі болу еді. Мұндай тактиканы Бейжің дәл тапқанымен жауап бермеске амалы қалмады. Бір жағынан саяси ойыннан бойын алшақ ұстауды жөн көретін ел. Ал екінші жағынан, ұлттық мүддесіне нұқсан келді. Сондықтан араға үш ай салып, сәуірде қытайлықтар қарсы әрекетке көшті. Олар АҚШ-тан импортталатын ет, жеміс-жидек және өзге де тауарларға салықты көбейтті. Әрине, Вашингтонның әрекеттеріне қарағанда бұл мардымсыз шешім болатын. Дегенмен, Бейжіңнің басты мақсаты – үндемей қалмайтынын көрсету еді.

Сауда соғысынан ең зардап шеккен қытайлық мобильді телефон өндіруші компаниялар болды. Соңғы жылдары көрші елдің мобильді құрылғылары америкалық және өзге де әлемдік ірі компаниялардың өнімдерімен бәсекеге түсіп, экономикалық ықпал ету аймағын кеңейтіп еді. Ал енді қазір бәсекелестік мүлдем басқа сипатқа ие болуда. АҚШ пен Қытай ЖИ саласында бәсекені күшейтті. Алдағы уақытта технологиялық бәсеке саясиленбақ.

Қаңтардың соңына қарай ЖИ саласында маңызды оқиға орын алды. ЖИ саласындағы қытайлық стартап DeepSeek компаниясының өнімі технологиялық төңкеріс жасады. Қысқа уақыт ешінде App Store-да рейтингі ең жоғары тегін қолданбаға айналды. Мұның әсерінен 27 қаңтарда америкалық ЖИ өнімдерін өндіруші компаниялардың акциясы түсіп кетті. Сарапшы-

лардың басым көпшілігі мұны жаңа өнімге деген нарықтың қалыпты реакциясы деп түсіндірді. Себебі технологиялық тұрғыдан америкалық өнім ChatGPT әлі де алда.

Бұдан бөлек қытайлық Alibaba компаниясы да ЖИ саласында бәсекеге түсуге дайын екенін көрсетуде. Компания DeepSeek-пен иық тіресе Qwen 2.5-Max деп аталатын ЖИ моделін шығарды. Ол да өзге ЖИ секілді чат-бот арқылы сөйлесе алатын және де фото, суретті жасай алатын деңгейде. Осылайша қытайлық компаниялар өзге елдермен ғана емес, өзара бәсекеге түсуде. Демек билік те ішкі бәсекені ынталандыруға мүдделі деген сөз.

Әлемнің алпауыт елдері арасындағы технологиялық текетіресің оң да, теріс те әсері бар. Бәсекелестік ЖИ саласының дамуына оң әсер ететіні сөзсіз. Себебі, кез келген монополия дамуды тежейді. Алайда, технологиялық текетірес әлемдік экономикаға, геосаяси жағдайға кері әсер етуі мүмкін. Әрине, дамушы және үшінші әлем елдерінің экономикасына кері әсер етеді. Себебі, саудаға енгізілген шектеулер өзге тауарларға бағаны тұрақсыз ете түседі.

Қазақстан да бұл процесстен тыс қалмақ емес. Биыл 10 қаңтарда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Sinovation Venture жасанды интеллект институтының президенті, доктор Ли Кай-Фумен кездесті. Кездесуде ЖИ саласы жайлы әңгіме өрбіп, Қазақстанның оны дамытуға мүмкіндігі бар екені айтылған.

Ли Кай-Фу тайваньдық ЖИ саласымен айналысатын кәсіпкер. «AI Superpowers: China, Silicon Valley, and the New World Order» кітабының авторы. Онда АҚШ пен Қытай арасында ЖИ саласында бәсекелестік әлемде жаңа тәртіпті орнатуы мүмкін екені жазылған.

Біз бұл бәсекелестіктің оң және теріс тұстарына дайын болып, отандық ЖИ саласын дамытуымыз қажет. Себебі, ХХІ ғасырда ЖИ тек бір мемлекетке ғана емес, тұтас халықаралық саясатқа ықпал етеді.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Digital Almaty 2025:


ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ

отандық технологиялық экожүйені қалыптастырады

Еліміз цифрлық серпіліс қарсаңында тұр. Алматыда өткен дәстүрлі форумда іргелі жобалар таныстырылды. Бүгінде Қазақстан орта держава ретінде цифрлық технологиялар саласында ауқымды ізденістердің ордасына айналды. Отандық стартап жобалар мен жасанды интеллектке негізделген инновациялық технологиялар жаһандық көшке ілесіп қана қоймай, технологиялық даму саласында көшбасшы елдердің қатарына қосылып отыр.

Жасанды интеллект технологияларының жүйелі түрде дамуы үшін адами капиталды дамыту, цифрлық инфрақұрылым мен институционалдық ортаны қалыптастыру аса маңызды. Елімізде технологиялардың экономикалық құндылық көзіне айналуына барлық жағдай жасалуда. Almaty Digital 2025 форумында сөз сөйлеген Үкімет басшысы Олжас Бектенов елімізде жасанды интеллектке негізделген технологиялардың ЖІӨ-нің 2-3%-ын құрауына қажетті барлық мүмкіндіктердің қалыптасқанын атап өтті. Бұл мақалада алып шаһарда жетінші рет өткізілген Almaty Digital 2025 форумының негізгі жаңалықтарын талдап көрейік.

- Елімізде ЖИ-стартаптарын қолдау үшін Astana Hub базасында мақсатты көлемі \$1 млрд-ты құрайтын Венчурлік инвестициялар қорларының Қоры құрылды.
- Форум аясында отандық Codiply мобильді қосымшасы таныстырылды. Codiply бүгінде 13 елде қолданылып, 13 млн аса балаға IT-сауаттылық бойынша білім береді.
- Форум аясында 80 өнертапқыш жасанды интеллектіге негізделген жобаларын қазылар алқасына ұсынды.



2030 жылға дейін елімізде бір миллион ЖИ мамандары дайындалады

Еліміз үшін жасанды интеллект саласында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау стратегиялық басымдыққа ие. Шетелдік компаниялармен бірлесіп халықаралық мектептер ашылып, еліміздегі ЖОО қабырғаларында арнайы оқу бағдарламалары енгізілуде. Жаһан жұрты жаппай меңгеруге кіріскен жасанды интеллект әлемінде көшбасшы атану ұзақ мерзімде еліміз үшін басты міндетке айналып отыр.

Мәдени астанамызда екі күн бойы жалғасқан цифрлық форумға 40 000-нан астам қонақ қатысып, 100-ден аса жасанды интеллектке негізделген инновациялық бағдарламалардың тұсаукесеріне куә болды. Ұсынылған жобаларды бағыты мен мазмұны бойынша бірнеше топқа бөліп қарастыруға

болады. Бірақ барлық жобаның басты мақсаты – заманауи технология көмегімен адамның күнделікті жасайтын әрекеттерін автоматтандырып, оны өмірдің ажырамас бөлігіне айналдыру. Жобалар арасында робот арқылы шахмат ойнауды үйрену, денсаулық жайын бағамдап, қажетті кеңестер беру, қаржылық операцияларды талдап, тиімді ұсыныстар жасау, сондай-ақ азаматтың көз жанары арқылы қаржылық төлемдерді өтеу сияқты болашақтың жобалары таныстырылды.

Маңызды форум аясында тек стартап жобалар таныстырылып қана қоймай, жаһан жұртын алаңдатқан жасанды интеллекттен келетін мүмкіндіктермен қатар, оған байланысты қауіп-қатерлерді реттеудің бірегей жолдары да талқыланды. Мысалы, ПМ дерегінше, 2024 жылы елімізде азаматтар интернет алаяқтары арқылы 45 млрд теңгесінен айырылған. Алаяқтық әрекеттердің 98%-ы тұлғалардың жеке деректерін ерікті түрде бөлісуінің нәтижесінде орын алған.

Сәйкесінше, жасанды интеллект құралдарының кеңінен қолданысқа енуі азаматтар үшін ақиқат пен жалғанды ажыратуды одан әрі қиындата түсуде. Бұл тұрғыда ақпараттық сауаттылық пен қауіпсіздік ережелерін кеңінен насихаттап, әрбір азаматқа сақтық шараларын үйретуден басқа тиімді жол жоқ.

Форум аясында соңғы жылдары елімізде жасанды интеллект технологиялары арқылы қауіпсіздік, денсаулық сақтау, білім беру және қаржы саласында тиімді жұмыс істеп келе жатқан компаниялардың сайысы өтіп, үздіктер анықталып, марапатталды. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған Sergek VMS интеллектуалды бейнебақылау және талдау жүйесі Digital Almaty Awards 2025 байқауында «Қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ЖИ қолдану» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

Dealroom.com негізін қалаушы және бас директоры Йорам Вийнгаарде Digital Almaty 2025 форумында экожүйелердің жаһандық нарықпен жұмыс жасаудағы мүмкіндіктеріне ерекше тоқталды. Оның айтуынша, АҚШ пен Еуропа стартаптар саны бойынша көшбасшы болғанымен, Азия елдерінде венчурлық инвестиция көлемі қарқынды өсіп келеді. Қазақстан қазірдің өзінде Орталық Азияға салына-тын жаһандық венчурлық капиталдың 15–20%-ын иеленіп отыр.

Біздің ойымызша, Almaty Digital форумы сияқты маңызды шаралардың жүйелі өткізілуі әлем алдында Қазақстанның цифрлық әлеуеті жоғары ел ретіндегі имиджін қалыптастырып қана қоймай, отандық жас өнертапқыштардың жобаларына серпін беріп, жасанды интеллектіні қоғам игілігіне пайдалануға негіз болатын экожүйе қалыптастыруға алғышарт жасауда.

Digital Almaty 2025 форумы Қазақстанның цифрлық технологияларды дамытудағы стратегиялық қадамын айқындады. Жасанды интеллект пен инновациялық жобаларды қолдау арқылы ел экономикасының жаңа мүмкіндіктері ашылуда. Қазақстанның Орталық Азиядағы цифрлық хабқа айналу әлеуеті артып келеді. Жасанды интеллектінің кеңінен қолданылуы экономикалық өсімге серпін беріп, қоғамның әр саласына оң әсерін тигізіп отыр. Мұндай форумдар елдің инновациялық даму бағытын нығайтып, отандық технологиялық экожүйенің қалыптасуына ықпал етеді.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарпшы,
«Тұран» университеті.



(Дереккөз: www.midjourney.com)

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШЕШІМ

(Басы 1-бетте)

7 миллионға жуық бала игіліктенуде

Бұл – бүгінгі ұрпақтың ертеңіне негіз қалау, жарқын болашағына жол салып беру, білім алуына, әл-ауқатының артуына жағдай жасау, қолдау көрсетіп, демеп жіберу, яғни қолына қармақ ұстату. Ұзақ болашақтың игілігі тұрғысынан, жеткіншектерге қамқорлық жасау – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сондықтан бүгінгі күні қазақстандық отбасылар баланың өмірге келуінен бастап, оның ересек өмірге енуіне дейінгі әрбір кезеңде мемлекеттің көмегін, қамқорлығын көре алады.

Сонымен, «Ұлттық қор – балаларға» жобасы аясында 2024 жылдан бастап жыл сайын қазақстандық балаларға инвестициялық табысты қоса алғанда, Ұлттық қордан 18 жасқа толғанға дейін қаражат есептеледі.

Берімізге мәлім, алғашқы төлем былтыр әр баланың шотына 100 доллардан түсті. Ол кезде 6 млн 919 мың 131 қатысушы тіркелген еді. Биыл тізім де толықты, аударылған қаражатың көлемі де артты. Яғни әр баланың шотына 129,38 доллардан аударылды, бас-аяғы 6 млн 921 мың 35 бала (2007 жылдан 2024 жылға дейін туған балалар) қамтылды. Олардың ішінде 324 430 азамат 2025 жылы 18 жасқа толғанын ҚР Қаржы министрлігі өз мәліметінде көрсетті.

Болашаққа инвестиция

Аударым мөлшері жыл сайын Ұлттық қордың шет ел валютасындағы активтеріне және оның ұзақмерзімді инвестициялық табысына байланысты есептеледі. Сонымен қатар, балалардың шотына аударылған қаражат Ұлттық

қордың инвестициялық портфелінде сақталып, қосымша табыс әкеледі.

Осылайша бағдарламаға екі жылдан бері қатысып келе жатқан балалардың шотындағы жинақталған қаржы көлемі (алынған инвестициялық кірісті ескере отырып) 232,94 АҚШ долларын құрады. Қаражаттың аударылғанын eGov mobile мобильді қосымшасынан немесе

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бауыржан ЫСҚАҚ, экономист:

ТЕҢСІЗДІК БОЛМАЙДЫ

Бұл қордың бірінші ерекшелігі, барлық балаға тең мүмкіндік берілетінінде. «Байдың не кедейдің баласы» деген таптық бөлу жоқ. Бұл да әлеуметтік теңсіздіктің азаюына көмектеседі. Өйткені, әр баланың жиналған қаражатпен білім алуына, емделуіне мүмкіндігі бар. Әсіресе, табысы төмен отбасылар үшін өте маңызды болмақ.

Екінші ерекшелігі, ұрпақтар арасында әділ болуы, яғни экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін де бұл маңызды қаржы көзі болып саналады. Біз «Ұлттық қордың» қаражатын тек қана экономикалық немесе инфрақұрылымдық жобаларға емес, сонымен қатар болашақ ұрпаққа жұмсау әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты сақтауға көмектеседі.

Марат АБДУРАХМАНОВ, экономист:

ҰРПАҚ ИГІЛІГІ

Бұл – тек бірреттік әлеуметтік төлем емес, керісінше, Қазақстан экономикасының жаңа парадигмасын қалыптастыратын прецедент. Бұған дейін мұнай мен басқа да табиғи ресурстардан түскен табыс көбіне макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыруға және резерв ретінде сақтауға бағытталып келді. Енді бұл қаражат тікелей халыққа, яғни келешек ұрпақтың игілігіне жұмсалады. Бар жақсы балаларға болуы тиіс. Себебі, болашақтың тұтқасын ұстайтын, ертеңімізді жарқын ететін жас ұрпақ. Бұл тәсіл еліміздің ресурстарды басқару мәдениетін өзгертудің бастамасы болуы мүмкін. Болашақта осы модель басқа да салаларда қолданылса, нұр үстіне нұр болмақ.

Бекзат САХИДӘУЛЕТОВА,
балалар психологы:

ТАБЫС КІЛТІ

«Ұлттық қор – балаларға» еліміздің, балаларымыздың болашағы үшін өте маңызды. Бұл тек қаржылық қолдау ғана емес, жеткіншектердің психологиялық дамуы мен олардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған кешенді жоба десек те болады. Бірегей жоба, әсіресе, әлеуметтік қиындықтарға тап болған отбасылар үшін үлкен қолдау болары сөзсіз. Бұл қаржылық көмек балалардың білім алуына, қажетті дағдыларды меңгеруіне және болашақта өз жолын табуына мүмкіндік беретіні анық. Ал бұл мүмкіндіктер әр баланың арманын жүзеге асыруына және өмірін табысты құруының кепілі.

Әзірлеген ТІЛШІЛЕР ТОБЫ.



ЖАҢҒЫРТУ

«ZHAS MAMAN 2025»

МАМАНДЫҚТАР ЖӘРМЕҢКЕСІ

Алматыдағы Оқушылар сарайында жастарға арналған мамандықтар жәрмеңкесі өтті. «Zhas Maman 2025» жәрмеңкесін №64 жалпы білім беретін мектеп қалалық Білім басқармасының қолдауымен ұйымдастырған болатын.

Ернұр
РЫСБАЙ

Іс-шараның басты мақсаты – жоғары сынып оқушыларына болашақ мамандығын дұрыс таңдауға көмектесу, еңбек нарығындағы сұранысқа ие кәсіптермен таныстыру және тиісті білім орнын анықтауға жәрдемдесу. Жәрмеңке барысында оқушылар түрлі колледж өкілдерімен кездесіп, олардан мамандықтар туралы көптеген ақпарат алды. Сонымен қатар, кәсіби бағдар берушілердің қатысуымен өткен шеберлік сыныптарында өз мүмкіндіктерін бағамдап, болашаққа нақты жоспар құру мүмкіндігіне ие болды.

Іс-шараның ашылу сөзін №64 мектептің директоры, модератор Сұлтан Айтбаев бастап, мамандық таңдаудың маңыздылығына тоқталды.

– Биылғы жәрмеңке маңызды кезеңмен – Жұмысшы мамандықтар жылымен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл іс-шара – қоғамдағы еңбектің баға жетпес құндылығын мойындаудың белгісі. Қоғамды алға жылжытатын, дамытатын жұмысшы мамандықтардың рөлі ерекше. Біз осы кәсіптерді таңдаған жандардың еңбегін құрметтеуіміз керек. Өйткені, олардың арқасында экономика дамып, жаңа мүмкіндіктер ашылады. Бүгін біз адамзаттың барлық



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

жетістіктерінің негізінде тұрған кәсіптермен танысуға мүмкіндік алдық. Құрылысшылар, машинистер, электриктер мен слесарьлар – бұл тек мамандық ғана емес, өз ісіне адалдықты, жауапкершілікті, адалдық пен еңбекқорлықты талап ететін өмірлік таңдау. Жұмысшы мамандықтар – тек экономиканың тірегі ғана емес, сонымен қатар әр адам үшін тұрақты болашаққа апаратын жол. Бұл салаларда мансаптық өсуге, шығармашылық әлеуетті іске асыруға және елдің дамуына үлес қосуға мүмкіндік мол, – деді ол.

Жәрмеңкеге қатысушылардың бірі, Принтмедиа технологиялар колледжінің студенті Еңлік Бапан бізге өз пікірімен бөліскен еді.

– Мен мамандық таңдауда ұзақ ойlandым. Осындай жәрмеңкелердің арқасында өзіме лайықты жолды таба алодым. Өзім

оқитын колледжімнің де білім сапасы қатты ұнайды. Бүгінгі іс-шара мен сияқты болашақ мамандығын іздеп жүрген оқушылар үшін өте пайдалы болды. Жұмысшы мамандықтар тек қоғамға қажетті ғана емес, сонымен бірге тұрақты табыс пен өз ісіне деген сүйіспеншілік сыйлайтын кәсіптер. Сондықтан ең бастысы – жүрек қалауымен таңдау жасау, – дейді жас маман.

Жәрмеңкеге қатысушылар бұл іс-шараның өздеріне үлкен пайда әкелгенін айтып, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді. Көптеген оқушы өзіне лайықты мамандық пен оқу орнын таңдау бойынша маңызды ақпарат алды.

№64 мектеп пен Алматы қаласы Білім басқармасы алдағы уақытта да осындай пайдалы іс-шараларды ұйымдастырып, оқушылардың кәсіби бағдарын айқындауға қолдау көрсететінін жеткізді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

БАЙҚАУ


«СТИЛЬ СИҚЫРЫ» –
кәсіби шеберлік шыңы

Алматы сервис және технологиялар колледжінде «Стиль сиқыры» атты республикалық чемпионат өткен болатын. Бәсекелі байқауды қалалық Білім басқармасы «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі Жол картасын» және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды іске асыру шеңберінде ұйымдастырған еді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Бұдан өзге, «Алматы мемлекеттік сервис және технологиялар колледжінің» базасында қалалық Білім басқармасымен бірлесіп өткізілетін «Стиль сиқыры», «Сән мұнарасы», «Стиль архитектурасы», «JASTAR SKILLS», «Алтын қайшы» сынды республикалық байқауы өткізіліп келеді.

Қызмет көрсету саласы кадрларын даярлау мақсатындағы «Стиль сиқыры» байқауы шаштараз өнері мен сәндік косметика байқауы республикалық деңгейде өткізіліп келеді. Оның үстіне отандық білім беру саласында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғыртуға және дамытуға ерекше көңіл бөліне бастады. Бұл жүйе қазіргі заманғы еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін және отандық жұмыс берушілер, сондай-ақ, әлемдік қоғамдастық мойындаған жаңа буын кадрларын және колледж түлектерін кәсіптік даярлаудың жаңа тәсілдерін қалыптастыру үшін негізгі құрал болып табылады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Биыл мемлекет тарапынан еңбек адамының мәртебесін арттыруға және кәсіптік білім беруді дамытуға баса назар аударылып

отырғаны мәлім. «Стиль сиқыры» республикалық чемпионатын ұйымдастырудағы басты мақсаты да осыған сай. Жұмысшы мамандығын дөріттеп қана қоймай, жастарды кәсіптік оқытуға тартуды көздейді.

Сөз кезегінде Алматы сервис және технологиялар колледжінің директоры Жарқын Жаниязова қатысушыларға табыс тіледі. Ол колледж жұмысына қатысты сөзінде:

– Біздің колледж Қазақстандағы сән индустриясын дамытуға белсенді түрде ықпал етіп келеді. Біз дайындаған кадрлар елімізде де, шет елде де сән саласында табысқа жетіп жүргенін мақтанышпен айта аламыз. Бұған қоса, оқу орнымыз түрлі киім коллекцияларын дайындап, осы саладағы сарапшылардың да оң пікірін алып келеді, – деді.

Республикалық чемпионатта қатысушылар сұлулық пен қызмет көрсету индустриясын басты бағыт етіп алды. Олар шаштараз өнері бойынша бес кәсіби бағытта және «Гүлдер» тақырыбында фантазиялық макияж бойынша сынға түсті. Жарыс соңында өз саласының шыңына жеткен жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«МЕДЕУ»
МҰЗ АЙДЫНЫ
күрделі жөндеуден өтеді

Алматыдағы «Медеу» мұз айдыны 2025–2027 жылдары күрделі жөндеуден өтеді. Жаңғырту жұмыстары жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылып, Алматы қаласын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы аясында жүзеге асады. Жөндеу барысында «Медеу» халықаралық стандарттарға сәйкестендіріліп, конькимен жүгіру және мәнерлеп сырғанау сияқты халықаралық жарыстарды қабылдай алатын деңгейге жеткізіледі. Сонымен қатар, айдынның инфрақұрылымы жаңартылып, бәнді (допты хоккей), мұздағы спидвей (мотоцикл жарысы) сияқты жарыстар өткізу мүмкіндігі қарастырылады. Спорт кешенінің айналасында жаңа аллеялар мен серуендеу маршруттары пайда болады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қала әкімдігі нысанның тарихи келбетін сақтау мәселесін ескеріп отыр. «Медеу» Алматының символдарының бірі болғандықтан, жаңғырту жұмыстары оның бірегейлігін жоғалтпай, тек инженерлік инфрақұрылымды жақсартуға бағытталмақ.

Алматы спорт нысандарын басқару жөніндегі дирекциясының мәліметінше, 2023 жылы «Медеу» мұз айдыны мен оның инженерлік желілерінің техникалық жағдайын тексеру және бағалау жұмыстары жүргізілді. Бұл зерттеудің мақсаты – жаңғырту тұжырымдамасы мен жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу. Сараптама қорытындысына сәйкес, қазіргі уақытта мұз айдыны жаппай сырғанау үшін қауіпсіздік талаптарына сай келеді. Жүргізілген аудит мұз айдынының техникалық жағдайының қанағаттанарлық екенін көрсеткен, бірақ инфрақұрылымды жаңарту қажет деп шешілген.

«Медеу» БТСК аумағын көркейту жұмыстары аясында мұз айдынының батыс сызығы бойымен серуендеу аллеясын құру, айдын айналасында жаяу жүргіншілерге арналған баспалдақтар орнату, оңтүстік беткейде, Есентай өзенінің оң жағалауы бойымен көркейту жұмыстарын жүргізу, іргелес аумақты жақсарту мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға ыңғайлы болуы үшін оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс бөлігінде екі жедел саты орнату көзделген.

Инженерлік жүйелерді жаңғырту бағытында тоңазытқыш жабдықтары мен мұз жабынын суыту жүйесін жаңарту, құбыр желілерін толық ауыстыра отырып, технологиялық тақтаны жаңарту, жылыту жүйесін газға ауыстыру, жылыту және көрермендерге арналған орындарды жылыту жүйесін жаңғырту, энергияны үнемдеуді арттыру және келушілерге қолайлы жағдай жасау үшін инфрақұрылымдық элементтерді жаңарту, инженерлік жүйелер, коммуникациялар мен электр жабдықтарын толықтай ауыстыру жоспарланған. Сонымен қатар, «Медеу» қонақүйін толық реконструкциялау жоспарға еніп отыр.

Айта кетейік, өткен жылы ғана «Медеуге» 400 мыңнан астам адам келген, бұл оның қала тұрғындары мен туристер арасындағы танымалдығын дәлелдейді. Жаңғыртудан кейін айдын жаңа мүмкіндіктерге ие болып, Алматының басты туристік және спорттық орталықтарының бірі болып қала беретіні анық.



ҰЛТТЫҚ ЖОБА

Сапалы білім беру мен оқушылар саулығы:

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»

жаңа мүмкіндіктерге жол ашады

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыруды тапсырған болатын. Жоба аясында 2025 жылдың соңына дейін 460 мың орынды 217 заманауи мектептің құрылысы жоспарланған, оның ішінде 105 мектеп 2024 жылы салынды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы балалардың тұрғылықты жеріне қарамастан, заманауи талаптарға сай келетін тегін білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бастама жайлы мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсартып қана қоймай, балалардың шығармашылық және интеллектуалды қабілеттерін дамытуға ықпал ететін орта қалыптастырады.

Жайлы мектептердің көлемі типтік мектептерге қарағанда, 15–20%-ға кең, сондай-ақ техникалық жарақтануы да 4 есе артық. Мектептерде робототехника кабинеттері, STEM-зертханалар, хореография залдары, коворкинг аймақтары, 4 спорт залы қарастырылған, сондай-ақ алғашқы әскери дайындық үшін арнайы ашық алаңдар жабдықталады. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары бөлек блоктарда білім алады. Жайлы мектептердегі ең басты жайлылық – эргономикалық кеңістіктің құрылуы.

Жайлы мектептерде инклюзиялық білім беруге ерекше көңіл бөлінуде. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін жеке санитарлық бөлмелерімен кең кабинеттер қарастырылған. Сонымен қатар, мектептерде жеделсаты, пандустар, арнайы белгілер, психолог, логопед және дефектолог кабинеттері бар. Бұл мектептің ерекшелігі сонда, әр блокта оқушылар мен педагогтар үшін демалыс аймақтарын көруге болады. Мұнда жұмсақ жиһаздар, кітаптар, музыкалық аспаптар мен үстел ойындары қойылған.

Мектептер сонымен қатар, заманауи бейнебақылау және мектепке кіріп-шыққандарды қадағалау жүйелерімен қамтамасыз етіледі. Жобаның негізгі міндеттерінің бірі – оқу процесінде жаңа технологиялар мен әдістемелерді меңгерген білікті педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету. Оқушы орындарының тапшылығы, үш ауысымды оқыту және апаттық мектептер мәселесін шешу, сондай-ақ қалалар мен ауылдар арасындағы білім беру инфрақұрылымы сапасының



айырмашылығын азайту мақсатында елімізде мектеп құрылысын жүргізу және реновациялау бойынша бастамалар қарқынды іске асырылуда.

Оқушы орындарының тапшылығы, үш ауысымды оқыту және апаттық мектептер мәселесін шешу, сондай-ақ қалалар мен ауылдар арасындағы білім беру инфрақұрылымы сапасының айырмашылығын төмендету мақсатында елімізде мектеп құрылысын жүргізу және реновациялау бойынша бірқатар бастамалар қарқынды іске асырылуда. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жыл сайын аудандық және ауылдық 1000 мектеп жаңғыртылуда. Таяудағы үш жыл ішінде еліміздің барлық өңірінде 1231 мектепті реновациялау жоспарлануда. Реновация мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсартуға, инновациялық білім беру технологияларын енгізуге және педагогтардың біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл шаралар халықтың туған жерінен табан аударып, қалаға жаппай көшу мәселесін де шешеді.

Еліміздің барлық өңірінде жаңа білім беру нысандарын салу арқылы қосымша жұмыс орындары құрылуда, бұл әлеуметтік, экономикалық жағдайды жақсартуға және жалпы құрылыс саласын дамытуға ықпал етеді. 2024 жылдан бастап жаңа салынған

КЕРЕК ДЕРЕК

- Елімізде 510 мың оқушы орнына арналған 422 мектеп салынып, рекордтық көрсеткішке қол жеткізілді. Бұл 32 апатты және 71 үш ауысымды мектеп мәселесін шешіп, ел аумағындағы 200 мектепте оқушы орны тапшылығын жоюға мүмкіндік берді.
- Қазіргі таңда елде 8000-ға жуық орта білім беру ұйымы бар. Соңғы 10 жылда оқушы саны 1 миллионнан астам балаға өсіп, 3,9 миллионды құрады.
- 2024 жылы 80 мыңнан астам педагог біліктілікті арттырудың тегін курстарынан өтті.
- 2025 жылы 300 мың орынды 200-ге жуық мектептің құрылысы жүзеге асырылады.

мектептерде 5000-ға жуық педагог жұмыспен қамтылды.

Ұлттық жобаның тағы бір маңызды бағыттарының бірі – қазақстандық тауарлар мен қызметтерді өндірушілерді қолдау болып табылады. Жаңа мектептерге барлық жиһаздарды отандық кәсіпорындар жеткізеді. Бұл ұлттық экономиканы нығайтуға және қазақстандық өндірушілердің жаңа жұмыс орындарын құруына, елдегі экономикалық тұрақтылыққа, жергілікті өнеркәсіпті дамытуға ықпал етпек.

Заманауи форматтағы мектептер барлық қазақстандық балалардың қолжетімді әрі жайлы, қауіпсіз ортада сапалы білім алуына

жол ашады. Мемлекет жаңа оқушы орындарын ашу және балалар үшін жайлы жағдай жасау бойынша кешенді шаралар қабылдауда. Бұл еліміздің барлық өңірінде білім инфрақұрылымын дамытып қана қоймай, балалардың сапалы білім алуға қолжетімділігін арттырады.

Ұлттық жоба әрбір оқушының толыққанды білім алуына, шығармашылық тұрғыда және жеке тұлға ретінде дамуына жағдай туғыза отырып, еліміздің білім беру жүйесін дамытуда жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР ОАМ баспасөз қызметі).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Айгүл МИРАЗОВА,
Қазақстанның Еңбек Ері:

Қазір керемет мектептер салынып жатыр

Жалпы орта білім беру – аса жауапты іс. Оның нәтижелігіне отбасынан бастап, білім стандарттарын, оқулықтарды дайындайтын мекемелерге дейін мемлекеттік білім саясатының аясында қатысады.

Өзім ұстаз болғандықтан, мені алаңдататын дүние – балалардың амандығы, олардың біліктілігі, отаншылдығы, патриоттық қасиеттерінің болуы. Президент барынша асқақтатуға, халық алдында рөлін үлкен екенін білдіруге арналған іс-шаралар өте көп өтті. Ұстаз өңіріне ең жоғары мемлекеттік марапат тағылды. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Мұғалімнің мәртебесі қашан да бәрінен биік. Ұлы тұлғалардың өзі ұстазының алдында шәкірт болып қала береді. Бір сөзбен айтсақ, барша жетістіктің бастауында ұстаз тұр. Ұлттың болашағы – ұстаздың қолында. Менің мақсатым – ұстазды қоғамымыздың басты кейіпкері ретінде дәріптеу» деп атап өткен еді.

Енді біз осы құрметке лайық болып, одан әрі жақсы істер атқарайық деймін. Атымызға дақ түсірмей, шәкірттердің алдында, бүкіл халқымыздың назарында қадір-қасиетімізбен ардақталуымыз керек. Қазір қандай керемет мектептер салынып жатыр. Біз Кеңес үкіметі кезіндегі ұрпақпыз ғой. Сол кезде көргеніміз, білгеніміз, қолымыздың жеткені қандай еді, қазір қандай?! Міне, соларды салыстыра отырып, мың да бір тәубе дейміз. Мемлекет басшысы: «Оқушыларды білімпаздыққа, отаншылдыққа, еңбекқорлыққа баулу қажет. Осыған байланысты нақты шаралар қабылданып жатыр» деп өзінің тікелей тапсырмасымен «Біртұтас тәрбие» атты арнайы бағдарлама дайындалғанын да айтты быыл. Бала тәрбиесі ала-құлалықты көтермейді. Біртұтас ұлт болуымыз үшін балаға біртұтас тәрбие берілуі қажет-ақ. Еліміздің амандығы, бай-қуатты болуы, білімді ұрпақтарға толы болуы – барлығы әр азаматтың қолында, әрбіріміздің жауапкершілігімізде. Егер біз осының бәріне байыппен қарасақ, «мен елге не бердім?» деген сұраққа жауап беріп, міндетімізді білсек, оның өзі тамаша бір белес.



Кұралай ШЫНЫБЕКОВА,
ата-ана:

Гимназияда қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптасқан

Менің екі балам М.Базарбаев атындағы №138 гимназияда гимназияда оқиды. Мұнда қауіпсіз және жайлы орта қалыптасқан. Ата-ана ретінде айтарым, мектепке деген сенімімізді толық сезінеміз. Гимназияда оқушылардың қауіпсіздігіне ерекше мән берілген, әрбір дәлізде бейнебақылау жүйесі бар. Гимназия басшысынан бастап ұстаздар таңертеңгі уақыттан оқушыларды 4 терминалы бар турнир арқылы қабылдап алып, бастауыш сынып оқушыларын қолдан-қолға «береді». Гимназия ауасының өзі керемет, кіргеннен әсем әуен ойнап тұрады. Балаларымыз гимназияға құлшыныспен барады.

Мектеп ата-аналармен тығыз байланыста, бізге балаларымыздың жағдайы туралы үнемі ақпарат беріледі. Бұл ата-аналарға баланың қауіпсіздігі мен денсаулығы туралы ақпарат алу мүмкіндігі екені белгілі. Мектепте өрт қауіпсіздігі, табиғи апаттар мен басқа да төтенше жағдайларға дайындық шаралары өткізіледі. Ата-аналар үшін тағы бір маңызды мәселе – мектептегі тамақтың сапасы. Осы бағытта да ешқандай шағымымыз жоқ, тамақ сапасы жоғары, баланың денсаулығына қауіп төндірмейді. Баланың дамуы мен қауіпсіздігіне деген осындай жауапкершілік пен қамқорлық бізді қуантады. М.Базарбаев атындағы гимназияға деген ризашылығымыз шексіз, мұнда балаларға барлық жағдай жасалған.



ТАБЫСТЫ ТӘЖІРИБЕ

Алматыда әлем көз тіккен халықаралық цифрлық форум өтті



Атакент көрме кешенінің алаңында екі күнге созылған халықаралық Digital Almaty 2025 форумы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, ҚР Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі және «Инновациялық технологиялар паркі» Дербес кластерлік қорының ұйымдастыруымен жетінші рет өтті.



Досбол
АТАЖАН

Биылғы форум жасанды интеллект әсерінен өнеркәсіпті трансформациялауға және оның өндірістік процестердің тиімділігін, қауіпсіздігі мен тұрақтылығын арттырудағы негізгі рөліне арналды. Тұрақты даму (ESG), киберқауіпсіздік, қаржы секторына, медицина мен биотехнологияға жасанды интеллектіні енгізу тақырыптарына ерекше назар аударылды. Форум аумағында алғаш рет технология мен спортты біріктіретін дрон-футболдан чемпионат, сондай-ақ озық әзірлемелерді көрсететін роботтардың интерактивті паркі ұйымдастырылды.

Жаһандық экономикада ЖИ үлесі 20 трлн долларға жетеді

Форума ясында ЕАЭО елдері Премьер-министрлерінің пленарлық отырысы өтті. Оған Қазақстан, Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Армения, Иран үкіметтерінің басшылары, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссияның басшылығы қатысты.

Қазақстан Премьер-министрі Олжас Бектенов «Digital Almaty 2025: Industrial AI: жаңа дәуірге арналған технологиялар» халықаралық цифрлық форумында сөз сөйледі. Еліміздің Үкімет басшысы жасанды интеллект дамуының негізгі факторлары: адами капиталды, цифрлық инфрақұрылымды дамыту және институционалдық негіз құру екенін атап өтті. Цифрлық технологияларды енгізу жалпы ішкі өнімнің жыл сайынғы өсімін 2-3%-ға қамтамасыз етуге мүмкіндік бермек.

— Жетекші IDC сараптама компаниясының зерттеулеріне сәйкес, 2030 жылға қарай жасанды интеллекттің жаһандық экономикаға қосатын үлесі 20 триллион долларға жетеді. Сонымен қатар, тек қана AI арқасында жалпы ішкі өнімнің жыл сайын 2-3% өсуін қамтамасыз етуге болады. Бұл мүмкіндікті елдеріміздің экономикасын дамыту үшін пайдалану керек, — деді Үкімет басшысы.

Орталық Азияның цифрлық хабына айналған шаһар

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Digital Almaty 2025 халықаралық цифрлық форумына қатысып, инновациялық әзірлемелер, соның ішінде қазақстандық мамандардың жобалары ұсынылған стартап-аллея мен робо-аймақты аралап көрді. Мегалополис басшысы цифрлық трансформацияның жаңа жетістіктерімен танысты. «Индустрия Х» аймағында қазақстандық технологиялық компаниялар ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарда енгізілген табысты жобаларды көрсетті.

Орталық Азияның цифрлық хабы ретінде іс-қимыл жасайтын Алматы дәстүрлі түрде форум өткізілетін орынға айналды. Биылғы жылы іс-шараға 300-ден астам халықаралық

сарапшылар қатысып, 40-тан астам панельдік сессия аясында экономиканың нақты секторында цифрлық технологияларды қолданудың табысты кейстері ұсынылады.

Айта кеткен жөн, Қазақстанның IT-компанияларының үштен бірі Алматыда шоғырланған. Қала басшысының тапсырмасы бойынша іске асырылған ақылды қалаларды, жасанды интеллектті, үлкен деректерді және тұрақты дамуды қоса алғанда, негізгі бағыттардағы стартаптарды дамытуға және қолдауға бағытталған Алматының IT-экожүйесін дамыту бағдарламасының арқасында тартылған инвестициялардың жалпы сомасы 19,2 млн АҚШ долларын құрады, ал стартаптардың жиынтық табысы 5,37 млрд теңгеге жетті. 2049 жұмыс орны құрылды.

Мегалополисте Almaty Cyber Games (ACG) жобасы сәтті дамып келеді, оның мақсаты — Алматыны өңірдегі киберспорт пен ойын индустриясының басты орталығына айналдыру. 2024 жылы ACG International Tencent Games 2024 бірлескен халықаралық турнирі өтті. Сонымен қатар, Алматыда Қазақстанда алғаш рет қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін видео-сараптама мен жасанды интеллект пайдаланылды. 2023 жылы әкімдік мемлекеттік білім беру және мектепке дейінгі мекемелерде кешенді қауіпсіздік жүйесін енгізді. Алматының табысты тәжірибесін қабылдай отырып, еліміздің басқа өңірлері де осы технологияны енгізе бастады. Бірыңғай видеомониторинг жүйесінің жобасы аясында жыл соңына қарай бірыңғай желіге біріктірілген қалалық камералар саны 70 мыңға дейін ұлғаяды.

Халықаралық жасанды интеллект орталығы ашылады

Digital Almaty 2025 алаңында ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев Alem.AI Халықаралық жасанды интеллект орталығының жобасын таныстырды.

Бұл орталықты құру — Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған бастамасы. Alem.AI — жасанды интеллект саласындағы

зерттеулер, стартаптар және халықаралық ынтымақтастықтың басты алаңы. Жаслан Мәдиевтің айтуынша, орталық 2029 жылға қарай қазақстандық ЖИ-шешімдердің экспортын 5 млрд долларға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ технологиялық және экономикалық өсудің жаңа толқынын іске қосады және Астананы Орталық Азияның негізгі зияткерлік орталығына айналдырады.

— Alem.AI әртүрлі салаларда 10 000 талантты тартуға, 1000 ЖИ мамандарын оқытуға, 100 ЖИ стартаптарын іске қосуға және жасанды интеллект саласындағы 10 ғылыми зерттеулерді іске асыруға ықпал етіп, ЖИ экожүйесін дамытудың катализаторы болады. Орталық жаңа жұмыс орындарын ашады, халықаралық компанияларды тартады және басқарудағы цифрлық трансформацияның драйвері болады. Жоба сонымен қатар, маңызды әлеуметтік әсерге ие. Ол озық технологиялар мен білім беру мүмкіндіктеріне қол жеткізу арқылы өмір сүру сапасын жақсартады және білікті мамандарды даярлау жасанды интеллект саласындағы кадр тапшылығын жоюға көмектеседі. Халықаралық жасанды интеллект орталығы Астанадағы Ехро базасында биыл ашылады, — деді министр.

Үздік жобалар марапатталды

Digital Almaty халықаралық форумының екінші күні инновациялар мен цифрлық технологиялар саласындағы беделді конкурстардың жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Өнертапқыштарға өз жобаларын таныстыруға мүмкіндік берген Industrial AI Battle байқауына 200 өтінім түсіп, оның ішінен финалға жасанды интеллект саласындағы үздік 15 стартап шықты.

Жобаларды қазылар алқасының кәсіби мүшелері, оның ішінде мемлекеттік органдардың өкілдері, венчурлік инвесторлар, трекерлер және индустрия көшбасшылары бағалады. Байқау нәтижесі бойынша 4 жоба жеңімпаз атанып, 15 мың доллар көлемінде сыйақы алды.

Форум кезінде тағы бір маңызды оқиға — балалар арасындағы робототехника чемпионатының жеңімпаздарын марапаттау болды. Қазақстанның үздік төрт командасы халықаралық жарыстарда ел атынан қатысуға мүмкіндік алды, сондай-ақ 2 миллион теңге көлемінде жүлде қоры тағайындалды.



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ричард СТИРЛИНГ, Oxford Insights компаниясының негізін салушы әрі директоры:

ЖИ жан-дүние ойлап таба алатын модельге айналды

Көптеген білікті адамдарды біріктірген форумға қатысып жатқанымға қуаныштымын. Осындай форумдар алаңындағы талқылаулар арқылы біз қоғам үшін өзекті мәселелердің шешімін табамыз. Осы уақытқа дейін жасанды интеллект жұмысын оңтайландыруға тырыстық. Ал қазіргі жасанды интеллект өзі жандүние ойлап таба алатын модельге айналды. Оның жарқын мысалдары: ChatGPT және DeepSeek. Осындай ЖИ бар кезде ары қарай не болатынын көру — біз үшін өте қызық болмақ.

Дегенмен, жасанды интеллектті дамыған сайын оны зұлым мақсатта қолданатын адамдар да болады. Жалпы ЖИ арқылы жасалған алаяқтықтан қорғандың бірнеше жолы бар. Біріншісі, дұрыс білім беру, яғни біз адамдарға жасанды жасалған дүниені шындықтан ажырататын жолдарды үйретуіміз керек. Екінші, заң жүзінде жауапкершілік қарастырылуы қажет. Үшінші, жасанды интеллектінің өзін мұндай фактілердің алдын алу үшін қолдану қажет.

Тодзю ДЮК, Bedrock AI және Diverse AI компанияларының негізін қалаушы және бас директоры:

ЖИ-ді пайдаланудың жауапты тәсілін әзірлеу қажет

Жасанды интеллект қарқынды дамып келеді және көптеген артықшылықтар ұсынады. Оны қолданудың негізгі бағыттарының қатарына аштыққа қарсы күрес және денсаулық сақтауды жақсарту, дағдарыстық жағдайларға ден қою, қауіпсіздікті арттыру, мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау жатады. Алайда, жасанды интеллект әсерінен елеулі қатерлер де туындайды, мысалы: әлеуметтік теңсіздік, құпиялықты бұзу, алгоритмге бейімдік, тіпті ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіреді. Сондықтан технологияның бүкіл қоғамға пайдасын тигізуі үшін жасанды интеллектті пайдаланудың жауапты тәсілін әзірлеу, ашықтық, есеп беру және этикалық нормаларды сақтау тетіктерін әзірлеу маңызды.

Жанәділ ТАЛДЫБАЕВ, CodiPlay экожүйесінің жетекшісі:

Цифрлық сауаттылыққа үйретеміз

Біз балаларды экожүйе арқылы ойын ойнап, бағдарламалау тілдерін, жасанды интеллектті, Big Data негіздерін үйретеміз. Қазіргі таңда 13 елде 600-ден астам мектепте жұмыс істеп жатырмыз. Біздің экожүйені қосқан елдердің қатарында Оңтүстік Корея, Индонезия, Орталық Азия елдері, Өзбекстан, Әзербайжан, Ұлыбритания және Сауд Арабиясы мен Катар бар. Біздің жобаның бағдарламасы БҰҰ-мен дайындалып, Digital Public ретінде мойындалды. «CodiPlay» Ұлыбританияда жыл инновациясы атанып, әлемдегі ең үлкен меркетплейстердің бірінде бірінші орын алды. Дәл қазір біздің экожүйемізде миллионнан астам балалар оқып жатыр. Сонымен қатар, Сауд Арабиясы мен Катар елдерінен 100 млн доллар инвестиция тарттық. Алдағы жоспарымыз келесі айдан бастап Африканың екі елі — Зимбабве және Мозамбикке елдеріне экожүйемізді оқыту. Себебі, біз тиімді және төмен бағада балаларды цифрлық дағдыға үйрете аламыз.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЖӘДІГЕР

АЛМАТЫНЫҢ РУХАНИ ЖҮРЕГІ

Ұлттық мәртебе алған қос музейдің тынысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ мегаполисте орналасқан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі мен Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейіне «Ұлттық» мәртебе беру туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл – халқымыздың бай мұрасы мен тарихын көздің қарашығындай сақтап, ұрпаққа аманат етіп келе жатқан киелі қара шаңырақтар үшін маңызды оқиға.



Нұржамал
ӘЛШІ

ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙ

300 мың құнды
экспонатымен ерекше

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі отандық музей ісінің көшбасшысы болып табылады. Тек елімізге ғана емес, бүкіл Орта Азия аумағына танымал, бірегей әрі көне музейлердің бірі.

Алты тұрақты экспозициялық залы жұмыс істейді, түрлі мазмұндағы коллекциялар көрерменге Қазақстанның байырғы палеонтологиясы, ежелгі, ортағасыр, жаңа және қазіргі заманғы тарихы мен мәдени мұрасы жайлы толыққанды мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Жалпы, музей экспозициясы қазақтардың бүкіл тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінің ежелгі дәуірден бастап қазіргі заманға дейінгі «музейлендірілген» моделі болып табылады.

Музейде 2008 жылдан бері Ғылыми кітапхана жұмыс істейді. 300 мыңға жуық құнды жәдігер сақталған бұл рухани орданы тамашалауға жылына шамамен 130 мың адам келеді. Орталық музей іргесі XIX ғ. 30-шы жылдарының басында әскери оқу орнында «Орынбор өлкесінің музеумі» деген атаумен қаланды.

Десе де, түпкілікті қалыптасуы тек 1929 жылы Алматы қаласында аяқталды. Мұражай ғимараты 20 мың шаршы метр ауданды алып жатыр. Тік бұрышты жоспарлы үш қабатты ғимарат табиғи рельефтен пайда болған «стилобатқа» сүйенеді. Ғимараттың көлемдік және кеңістіктік сипаттамалары қазақ сәулетінің стилистикалық тәсілдерін қолдануға негізделген. 1944 жылы «Орталық мемлекеттік музей» мәртебесін алған.

Бүгінгі күні іргелі руханият ошағында «Музейлік дәріс» жобасы сәтті жүзеге асырылуда. Оған Алматының барлық білім ордасынан оқушылар келіп қатысады. Үлкендерден дәріс тыңдайды, тарихқа бойлайды, кешегі мен бүгінді таразылайды, болашаққа көз тастайды. Музейдің басты бағыты да осы – құнды жәдігерлерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыру.

ҚАСТЕЕВ МУЗЕЙІ

ғылыми-зерттеу
орталығымен өзгеше

Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейі осыдан тура 90 жыл бұрын Ұлттық көркемсурет галереясын ұйымдастыру жайында шыққан қаулыдан бастау алған. Сол сәттен коллекция жинау басталады. Түрлі көрмелер ұйымдастыру қарқын алады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында жұмысы тоқтатылады. Галереяның үй-жайы соғыс уақытының қажетіне беріліп, коллекциялары Қазақстанның Орталық музейі мен Абай атындағы опера және балет театрына апарылады. Соғыс аяқталған соң 1950 жылдары жұмысын қайта бастайды. 1960 жылдардан бастап экспонаттар саны өсе түседі. Еліміздегі ең үлкен көркемөнер әрі бейнелеу өнері саласындағы ғылыми-

Бүгінгі күні 26 мыңнан асып жығылатын жәдігерлерді көздің қарашығындай сақтап отырған Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейі ғылыми қызметкерлердің алғашқы буыны салған дәстүрлері құрметтеліп, музей жұмысының практикасында қазіргі заманның жаңа жетістіктерін белсенді пайдаланатын еліміздегі іргелі музей.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлайым ЖҰМАБЕКОВА,
Әбілхан Қастеев атындағы
ҚР Мемлекеттік өнер музейінің директоры,
«Құрмет» орденінің иегері:

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ҚАЗЫНАСЫ

Біз қуаныштымыз. Бұл мәртебе – ұлттық өнеріміздің дамуы мен мәдени мұрамыздың маңыздылығын айқындайтын тарихи қадам. Бізге екі есе жауапкершілік жүктейді. Биыл 90 жылдық мерейтой аясында бірқатар іс-шара өткізуді жоспарлап отырмыз. Соның ішінде «Қастеев оқулары» ғылыми-тәжірибелік конференциясы мен музей тарихы жайындағы ауқымды фотокөрме елеулісі болады деп ойлаймын. Жалпы, музейдің негізгі міндеті – атрибуция, реставрация, тарих, бейнелеу өнері теориясы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, зерделеу, сондай-ақ қазақстандық және шетелдік өнер туындыларын насихаттау. Музейдің іргесі қаланған сәттен бастап, еліміздің мәдени стратегиясының ажырамас бөлігіне, көркемдік мұраны зерттеп, насихаттайтын маңызы зор орталыққа айналғаны мәлім. Алдағы уақытта да осы биіктен аласармаймыз.

зерттеу орталығы болып саналатын мұражайға Әбілхан Қастеевтің есімі 1984 жылы берілді.

Қазақстанда бірінші болып музей қызметкерлері мүмкіндігі шектеулі жандарға музей экспозициясының қолжетімділігін қамтамасыз етті. 2018 жылы музей Халықаралық музей альянсы мен Пекин Ұлттық музейі құрған Жібек жолы галереясының құрамына кірді. 2019 жылы

Smithsonian (США, Вашингтон) ғылыми-зерттеу және білім беру институтында музей қызметкерлері қатысқан Қазақстан колөнері және креативті экономика туралы халықаралық симпозиум болды.

Музейде қазақ мәдениетінен басқа, Ресей, Батыс Еуропа және Шығыс елдерінің өнерін көрермендерге ұсынатын тамаша туындылардың үлгілері бар. Бұл музей қорының «энциклопедиялық» сипатын анықтауға мүмкіндік береді.





Мектеп асханасы:

ОҚУШЫ ТАМАҒЫ САПАҒА САЙ МА?

Еліміздің экономикалық жағдайы жақсарған сайын тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны да арта бастады. Қазір барлық өңірде әлеуметтік мәртебесіне қарамастан 1–4-сынып оқушылары мектепте тегін тамақтанып келсе, бұл ретте Алматы қаласы бұл бастаманы 2005 жылы алғашқы болып көтергені белгілі. Тек ағымдағы оқу жылының өзінде осы мақсат үшін жергілікті бюджеттен 16 млрд теңгеден астам қаражат бөліп, Алматы қаласы оқушы тамағына ең көп қаражат бөліп отырған өңірлердің көшіне бастап отыр. Сондай-ақ, ендігі жерде жекеменшік мектептердің де бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылатын болады.

Мәслихат депутаттары мен үкіметтік емес ұйым өкілдерінен және ата-аналардан құралған мониторингтік топ Бостандық ауданындағы №125 жалпы білім беретін мектеп асханасын аралап, оқушы тамағының сапасына бақылау жүргізді. Мониторингтік топты қалалық Білім басқармасының басшысы С.Сайфеденов бастап барды.

Аталмыш мектепте 2325 оқушы білім алып жатса, олардың барлығы ыстық және буфеттік тамақпен толық қамтылған. Сонымен қатар, оқу жылының басынан бастап 1–4-сынып оқушыларымен қоса, көпбалалы және аз қамтылған отбасы және ата-ана қамқорынан тыс қалған оқушылар да «Всеобуч» қорының есебінен тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр. Дәл қазіргі уақытта бастауыш сыныптың 1006 оқушысы мен орта және жоғары буынның 26 оқушысы осындай жеңілдікпен мектеп асханасынан тегін ыстық тамақ ішу мүмкіндігін пайдаланып отыр. Мектеп асханасының іші санитарлық эпидемиологиялық талаптарға сай жасақталып, қажетті құрал-жабдықтармен толықтай жабдықталған. Мәселен, бракераж, тауарды қабылдау, тазалық жұмыстарын жүргізу, ауа ылғалдандыру, С дәруменін тіркеу

● ӘЛЕУМЕТТІК АСХАНА



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

сияқты журналдар талапқа сай жүргізіліп отырады. Ас мәзірін дайындауға арналған техникалық құралдар да толық іске қосылған. Мәселен, (пісіру және жылыту және тамақты қуыруға арналған) пештер, тамақтың иісін алатын желдеткіш құралдар, еттартқыштар, электронды нан кескіш құрал, пайдаланылған ыдыстарды булайтын құрылғылар бар.

Оқу жылының басында №125 мектеп басшылығы тамақтандыру блогын жалға алу және оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша жеке кәсіпкер Бақиевамен келісім-шарт жасаған еді. Осы келісім негізінде асхананың Білім бөлімі басшысымен бекітілген төрт апталық мәзірі бар. Келісімге сай «Ыстық тамақты ұйымдастыру туралы», «Тамақ сапасын бақылау жөніндегі бракераждық комиссияны құру туралы», «Су режимін ұйымдастыру туралы» бұйрықтар шығарылып, күшіне енген. Сондай-ақ, асхананың жұмыс режимі бекітіліп, әкімшілік, мұғалімдер мен ата-аналардың мектеп асханасындағы кезекшілік кестесі бекітілген. Мұнда мектеп асханасында дайындалуға және сатылуға тыйым салынған тағамдардың тізімі де қоса көрсетілген. Мектеп асханасында

күнделікті 7–10, 11–14, 15–18 жас аралығындағы балаларға арналып әзірленетін ас мәзірі мен дайын тағамдардың фотосуреттері мектептің интернет-ресурсына орналастырылып отырады.

Мектептің медициналық қызметкері А.Бектауованың айтуынша, талапқа сай тамақтандыру блогына келіп түсетін өнімдердің сапасы, сақтау мерзімдері мен дайын өнімнің сапасы күнделікті қадағаланып, ол бракераж журналына жазба түрінде енгізіп отыратын көрінеді. Бұған қоса, мектеп медбикесі асхананың санитарлық жағдайы мен мәзірін бақылап, тәуліктік сынамалар алады, оқушылар мен асхана қызметкерлерінің денсаулық жағдайының мониторингін жүргізіп отырады екен. Дайын тағамның түсін, иісін, дәмін, консистенциясын, қаттылығын, шырындылығын және т.б. анықтай отырып, органолептикалық бағалау әдістемесіне сәйкес органолептикалық бағалауды жүргізіп, шыққан нәтижелерді «Дайын өнімнің бракераж журналына» жазып отыру да медбикенің құзырында. Сонымен қатар, оқушыларға берілетін асхана тағамының құрамы туралы «Дәрумен» журналы да тұрақты жүргізіліп отырады.

– Бостандық ауданы мектептерінің 1–4-сыныбында 11 мың 841 оқушы бар. Оқушылардың барлығы дерлік тегін ыстық тамақпен қамтылған. Мектеп асханасының да өзіндік тәртібі бар. Мәселен, мұғалімдер мен ата-аналар міндетті түрде кезекші болып, мұндағы ас мәзірін қадағалап отырады, – дейді Бостандық аудандық білім бөлімінің басшысы Айгүл Жұмабекқызы.

Кез келген қала мектебінің асханасының кіреберісінде күнделікті оқушы тағамының ас мәзірі ілулі тұ-

● «АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ:

Сонымен, Алматы қаласы мектептерінің бастауыш сыныпта оқитын балаларды тегін тамақтандыру үшін әрбір оқушыға бөлінетін қаражат құны:

1–4-сыныпта оқитын бір оқушы үшін – 660 теңге;
5–9-сыныпта оқитын бір оқушы үшін – 766 теңге;
10–11-сыныпта оқитын бір оқушы үшін – 856 теңге.

Ас мәзірінде көкөніс салаты, ірімшік қосылған қызылша салаты, балғын қияр, балғын қияр мен қызанақ салаты, дәруменді салат, сәбіз салаты.

Сыыр етінен гуляш, сыыр етінен котлет, сыыр етінен тефтели, тауық етінен котлет, тауық етінен тефтели, қаймақ тұздығындағы ет, көксерке. Гарнирге пісірілген картоп, пісірілген күріш, қарақұмық, макарон.

Кептірілген жеміс-жидектен компот, С дәрумені қосылған кисел, алма компоты, сүзбе, қара бидай наны, кисель, табиғи шырын кіреді.

(Ас мәзірі бірдей, тек оқушының жас айырмашылығына қарай тамақтың мөлшері өзгеріп отырады).

Сұңғат ҚАЛЫМХАНҰЛЫ, кәсіпкер:

«ЖАН-ЖАҒЫМА ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАҒЫМ КЕЛІП ТҰРАДЫ»

Соңғы кездері «қоғамда мейірімсіз адамдар тым көбейіп барады» деген сөздерді жиі еститін болдық. Оның да дәлелі болса керек. Бірегей болмағанымен, адамдардың бір-біріне деген мейірімі азайып бара жатқандай. Тіпті, екі адам жұдырықтасып жатса, оны сырттай қызықтап тұратын өмірдің өз «көрермені» пайда болды. Осындайда «негізгі мейірімді өзгеден емес, өзімізден іздемеске» деген ой келеді. Оған себеп – күні кеше қала орталығында әлеуметтік асхананың ашылуына мұрындық болған жас жігіттің азаматтығы. Ол осы бастамасымен-ақ талайларға ой салып, оң пікір қалыптастырды. Жақсылық жасау әрбіріміздің қолымыздан келеді екен.

пайда түсер ме екен? Соншама кісіні тойдыру оңай деймісін?» деп пендешілік ой айтып жатқандары да бар.

Негізінен, бұл үй әлеуметтік аз қамтылған отбасы, басқа да көмекке мұқтаж жандар мен көше сыпырушылар, қар күреушілер сияқты еңбек адамдарына арналған. Оны ашып отырған да, құрылтайшысы да – Сұңғаттың өзі.

– Менің балалық шағым Семей өңірінің, Жарма ауданына қарасты шағын ауылда өтті. Әкем ертерек қайтыс болып, қарындасым екеуіміз ата-әжемнің тәрбиесінде болдық. Үлкен кісілер көбіне қисса, дастан айтып беретін. Батырлар жырын ерекше сүйсініп тыңдайтынмын. Сосын көзім ілініп, ертеңгісін бір-ақ оянады екем. Әкем ерте тұрып, кеш жататын кісі еді. Оның үстіне үйіміз тоғыз жолдың торабында болғандықтан, көлігі бұзылып қалған кісілер біздің шаңы-

раққа тоқтайтын. Жарығы жанып тұрған соң болар, жолда қалып кеткен жолаушылар көбіне біздің үйге түсетін. Ондайда әкем «Жолаушыда да құт бар. Ол да бір пенде ғой. Үйге кіргізіңдер», – деп отырушы еді. Барын алдына тосып, көлігін жөндеп, әбден жолға шығып кеткенше алаңдап отыратын. Менің әкем Биғиза заманында талай қиындықты көрсе де, мойымаған сүйегі асыл кісі. Әкем шығысқа белгілі Әріп дейтін ақынның туған қарындасы. Ол кісі кезінде Абаймен араласып, бірге жүрген көрінеді.

Жалпы, біздің Үшбұйық ауылынан 17 ақын шыққан. Осындай кісінің ұрпағы болған менің әкем өте дана кісі болды. Бізге үнемі «жақсылық жаса, өзіңнен артылса, жан-жағыңа жаса» деп отыратын. Сол кісінің өсиеті құлағыма әбден сіңіп қалғандықтан болар, жан-жағыма жақсылық жасағым келіп тұрады. Көбіне менен «Сіздің арты-

ңызда кім тұр?» деп сұрайды. Мен ешкімнің жобасы емеспін. Менің артымда Жаратқаннан басқа кім тұруы мүмкін? Қолымнан келсе, барлық адамға жақсылық жасағым келеді. Көмек сұрап келген адамның қолын құр қайтарғым келмейді. Шама-шарқымыша көмектесемін. «Таңғы ас Тәңірден» демекші, әлеуметтік асханаға келушілер күнде таңертеңгі 8.00-ден 10.00-ге дейін таңертеңгілік ас ішеді. Жұма күні түскі ыстық ас беріледі. Барлығы тегін. Сәтін салса, қаладағы мешіттердің жанынан да әлеуметтік асханалар ашсақ деп отырмыз, – дейді жақсылықты серік еткен Сұңғат Қалымханұлы.

Бала күнінде ол сәулетші болып, әдемі қала тұрғызғысы келген екен. Сұңғаттың асқақ арманы алдамай, өзі қалаған құрылысшы мамандығын игеріп, Алматыдағы ең зәулім ғимараттарды салуға үлес қосты. Дегенмен, адамдарды қуантуға, жақсылық жасауға жаны ізгі кейіпкеріміз қайырымдылық жасаудан қол үзген емес. Қазір осынау ізгілік жолына түсіп, сауапты істер жасауды өзіне серік етіпті. Қаладағы «Қамқор» қарттар үйін қамқорлап, қариялардың өтініші бойынша шаштаразға қажетті құрылғыларды тарту етсе, басқа да баратын, беретін жерлері бар.

Айта кетерлік бір жәйт, бұған дейін Алматыда екі жерден әлеуметтік асхана ашылған еді, оның да авторы осы жігіт.

Бетгі әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІП



ӘЛЕУМЕТ

«Асыл Мирас»: АУТИЗМ – ҮКІМ ЕМЕС

Даму ерекшеліктері бар балалар мен олардың отбасына қолдау көрсететін Орталық тегін жұмыс істейді

Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Асыл Мирас» аутизм орталығы басшысының орынбасары Марина Забродина аутистік спектрінің бұзылуы (АСБ) және даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс істеудің негізгі тәсілдері туралы айтып берді.

Сарапшының айтуынша, АСБ бала өзін қоршаған ортамен байланысқа түсуге құлықсыз келеді, қызығушылық сезімі төмен және мінезі де өзгеше болады. Ата-аналар назар аударуы қажет алғашқы белгілердің қатарына мыналар жатады: көз байланысының болмауы; өз аты аталғанда елең етпеу; сұранысын ым-ишарамен білдіре алмауы; стереотиптік мінез-құлықтың көрінісі (мысалы, қол бұлғау, заттарды бір қатарға қою); қауіпті жағдайларды сезінбеуі; агрессия.

Спикердің айтуынша, ата-аналар осындай ерекшеліктерді неғұрлым ертерек байқап, мамандарға жүгінсе, баланың сәтті әлеуметтену мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады. «Асыл Мирас» орталығында аутизм қауіпін анықтау үшін халықаралық деңгейде мойындалған, диагностикадағы «алтын стандарт» болып саналатын ADOS-2 әдісі қолданылады.

Марина Забродина, сондай-ақ, аутизм белгілері айналадағы адамдарға түсініксіз және үрей тудыруы мүмкін екенін атап өтті. Сондықтан мұндай балалармен қалай дұрыс қарым-қатынас жасау керектігін де білу маңызды. Мәселен, сабырлы және мұқият болу; баланың ата-анасынан көмек қажет пе екенін сұрау; ерекше балақайдың айналасын қауіпті заттардан тазарту; бала мен ата-анасына шамадан тыс назар аудармау қажет.

Елімізде 2014 жылдан бері «Аутизм. Баршаға ортақ әлем» бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Бұл бағдарлама аутизмді бар балалар мен олардың отбасына қолдау көрсетуге бағытталған. Оның аясында еліміздің 12 өңірінде 13 «Асыл Мирас» орталығы тегін жұмыс істейді. Бұл орталықтар балаларға кәсіби көмек көрсетіп, ата-аналарды өз баласын жақсырақ түсінуге үйретеді. Бағдарлама іске асырылған жылдар ішінде 16 000-нан астам бала мен олардың отбасына қолдау көрсетілген.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

ЕҢ КҮРДЕЛІ ОТА

пациенттер үшін бұл мүлдем тегін

Алматыдағы Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында 80 жастан асқан пациенттерге интервенциялық аритмологиялық араласулар, соның ішінде жүрек-қайта синхрондау терапиясы (CRT-D) сияқты жоғары технологиялық операциялар сәтті жүргізілуде.

Клиникада жыл сайын қайта синхрондау немесе «бивентрикулярлық» құрылғыны импланттау бойынша 250 жуық операция жасалады. Алғашқы операция институтта 2010 жылы жасалды. CRT-D немесе CRT-P (дефибриляция функциясысыз) – ең күрделі және қымбат операциялардың бірі, бірақ пациенттер үшін бұл мүлдем тегін.

Үдемелі созылмалы жүрек қызметі жеткі-

ЖЕТІСТІК

Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту Алматының басым бағыттарының бірі болып қала береді. Метрополитен тұрғындарының медициналық қызметтерге қолжетімділігін арттыру мақсатында биыл 2 емхананың құрылысы басталады. Сонымен қатар, 6 денсаулық сақтау нысанына күрделі жөндеу жүргізіледі.

Жалпы, қалада медициналық нысандарды жаңғыртуға жұмсалатын қаражат ұлғайып, 33 млрд теңгеге дейін жетті. Биыл халықты тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жұмыстары қарқын алды. 3700-ден аса науқас 45 түрлі диагнозы бойынша қажет препараттарға қол жеткізіп, емін жалғастырады. Сонымен қатар, жоспарлы алдын алу екпелері мен қосымша жаппай имундау іс-шаралары аясында халық қызылшаға қарсы 133 мыңнан аса доза және тұмауға қарсы 200 мың вакцина алды.

Қала тұрғындарын қолжетімді және сапалы медициналық қызметпен қамтамасыз ету аясында бірқатар жоба іске қосылды. Былтырғы маусым айынан бастап елде алғаш рет «Фетальды хирургия» пилоттық бағдарламасы енгізілді. Енді Алматыда жылына 150 жатырыштық операция жасауға мүмкіндік

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

МЕТАЛЛ АРМАТУРА

денесін тесіп өткен 71 жастағы зейнеткер ажалдан аман қалды

Алматыда 71 жастағы науқас ауыр жарақатпен орталық қалалық клиникалық ауруханаға шұғыл жеткізілген. Ер адам ағаштан металл арматураға құлаған, арматура ер адамның бөксе тұсынан кіндігіне дейін тесіп өткен.

Дәрігерлер дереу тексеріп, «алдыңғы қабырғаның тесілген жарақаты» деген диагноз қойды. «Сол жақ несепағар тесігінің зақымдануынан қуықтың перфорациялық жарақаты, сол жақ бөксеңің пышақ жарақаты» деген диагноздар да қойылды. Науқастың жағдай өте ауыр болған, сондықтан шұғыл отаға жатқызылған. Уролог Әлімжан Мықтыбайұлы бастаған аурухана мамандары мен хирургтар шұғыл түрде диагностикалық лапаротомия жасап, жыртылған қуықты тігіп, эпицистостомия жүргізген. Екі сағаттан аса уақытқа созылған операция сәтті аяқталған.



ліксіздігі бар науқастар үшін CRT-D имплантация – кардио-қайта синхрондау құрылғысы, жүрек ырғағын басқаруға, құрылғының синхрондау функциясы арқылы жүректің сору қызметін жақсартуға және өмірге қауіп төндіретін аритмияның алдын алуға арналған. Операция шамамен 2-3 сағатқа созылады. Ол жергілікті анестезиямен жасалады. Оны жүзеге асыру үшін жас шектеулері жоқ.

ЕКІ ЕМХАНА

құрылысы басталады

бар. Сондай-ақ, шаһар дәрігерлері үнемі біліктілікті арттырып, шет елден тәжірибе алумен қатар, әлемнің үздік ауруханаларында шеберлік сағаттарын өткізеді.

«Біздің клиника республикалық деңгейде қызмет көрсетеді. Күнделікті шұғыл және жоспарлы қабылдау жүргіземіз. Бір тәулікте ауруханаға 450-500 адам жүгінеді. Бұл – өте жоғары көрсеткіш. Себебі, барлық шұғыл көмек дәл осы жерде көрсетіледі», – дейді қалалық №5 клиникалық ауруханасының оториноларинголог дәрігері Гүлнәр Уәлиева.

Ал осы аурухананың сурдолог-дәрігері Гүлзира Хамитова: «Біз шет елдерге, ТМД елдеріне, Еуропаға барып, біліктілігімізді арттырып тұрамыз. Үлкен конференциялардың мінберіне шығып, баяндама жасап, тәжірибе алмасамыз. Былтырғы қыркүйекте аудиологтардың халықаралық конгресіне қатысып, шетелдік әріптестеріміздің тәжірибесін үйрендік. Қазір сол алған білімімізді күнделікті жұмысымызда қолданып жүрміз», – деді.

Биыл денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңғыртуға бөлінетін қаржыландыру көзі 34%-ға ұлғайтылды. Осы ретте айта кету керек, 2025 жылы 28 денсаулық сақтау нысанының құрылысы жобаланады, олардың ішінде 11 аурухана мен 9 емхана бар.

«Қазіргі уақытта бізде 62 мың науқас тіркелген. Жалпы медициналық көмек туралы айтсақ, ауруханада ота жасау үшін жаңа методикаларды қолданамыз, әр жыл сайын жаңа техника енгіземіз», – дейді қалалық №5 клиникалық аурухананың директоры Сәуле Төлегенова.

Шұғыл медициналық көмекті дамыту үшін мегаполис биыл жедел жәрдем паркіне 48 жаңа автокөлік қосты. Жалпы, өткен жылы мегаполистің денсаулық сақтау саласына бөлінген қаржы 25%-ға өсіп, 48,8 миллиард теңгеге жеткен екен. Бұл іс-шаралар әдеттегіше медициналық мекемелердің материалдық-техникалық базасын жаңартып, қызмет сапасы мен тиімділігі айтарлықтай арттыруға бағытталады.

СӘТТІ ОТА

Алматының №7 қалалық клиникалық ауруханасына 54 жастағы әйелді жедел жәрдем бригадасы инсульт алған болуы мүмкін деген күдікпен жеткізді. Әйелдің сол аяқ-қолы әлсізденіп, сөйлеу қызметі бұзылып, қан қысымы кенеттен көтеріле беретін болған.

АУЫРМАҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Адам өміріне араша болған дәрігерлер тілегі осындай

Пациентті кезекші невролог-дәрігер, реаниматолог және қан тамырлары нейрохирургі тексеріп, қарағанда қан тамырлары бұзылған болуы мүмкін деген болжам жасайды. Бірақ бас миына жасалған КТ патологиялық өзгерістерді көрсеткен жоқ, ЭКГ да елеулі ауытқулар тіркемеген. Сонда да дәрігерлер клиникалық белгілерді ескере отырып, одан әрі тромбэкстракциялау арқылы миға сұрыптамалық ангиография жасауға шешім қабылдайды.



Нәтижесінде ми – тамырлық ауруы диагнозы қойылды, яғни «оң жақ орта ми артериясы бассейніндегі ишемиялық инсульт (атеротромботикалық кіші түрі), ми қан айналымының жіті бұзылуы». Уақытылы диагностика мен емдеудің, ангиография, тромбэкстракция сияқты заманауи тексеру әдістерінің арқасында дәрігерлер пациенттің денсаулығына және өміріне қауіп төндіретін жағдайлардың алдын алуға қол жеткізді. Келесі күні пациенттің жүйке жүйесінің қызметі қалпына келіп, жай-күйі айтарлықтай жақсарғаны байқалды.

Осы орайда аурухананың №2 инсульт бөлімшесінің невролог-инсультологы Ақжол Әріпхан әлсіздік, беттің ассиметриясының бұзылуы, түсініксіз сөйлеу немесе қан қысымының кенеттен көтерілуі сияқты неврологиялық бұзылулардың алғашқы белгілері пайда болса, дереу медициналық көмекке жүгіну қажеттігін атап өтті.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бағдат АХЫТ, Жүректің ырғағы мен өткізгіштігінің бұзылуы бөлімшесінің меңгерушісі:

2023 жылы біз екі қарт кісіге CRT-D-ді имплантацияладық. Имплантациядан кейін пациенттердің жағдайлары жақсарды, екі жылдан кейін де өздерін жақсы сезінеді. Өмір сүру сапасы жақсарды. Сондай-ақ, медициналық көмекке жүгіну жиілігі төмендеп, негізгі ауруына байланысты ауруханаға жатуы да азаяды. Зерттеулерге сүйенсек, «бивентрикулярлық» кардиостимуляторы бар емделушілерде диагноз қойылғаннан кейін өмір сүрудің жақсы көрсеткіштері байқалады. Орташа өмір сүру ұзақтығы жалпы денсаулыққа, жасына және өмір салтына байланысты шамамен 8,5–20 жылға артады.

Алматылық Владимир Рукин артериялық гипертония және созылмалы жүрек жеткіліксіздігіне шалдыққан, шығару фракциясы небәрі 28%, онда миокард инфаркті болған. Аз физикалық күш жұмсаған кезде де оған ауа жетіспеді. «Мен Кардиология және ішкі аурулар ФЗИ дәрігерлерінің арқасында тірі жүрмін. Бұл үшін оларға басымды иемін және алғысым шексіз», – дейді Владимир Георгиевич.

АЛАШТЫҢ АЙЫМДАРЫ

БІЗДІҢ «МАУГЛИ»

Дзюдо мен самбодан әлемдік деңгейге көтерілген қазақтың тұңғыш балқан қызы Айсара КЕРІМБЕКОВА қайда жүр?

Бізге жуырда бет-жүзінде де, өмірінде де еш бояуы жоқ тамаша бір адаммен жолығудың сәті түсті. Ойындағысын ірікпейді екен, ашық, ер адамша еркін сөйлейді. Біз әңгімелесіп тұрған үйдің алдында кездескен үлкен-кіші бұрылып келіп сәлемдесіп жатыр. Тіпті, көліктен түсіп жатқан бір келіншек иілін сәлем салды. Адамдардың бәрі туысы ма деп қаласыз. Өзі де жолыққан жандардың бәрін «бауырым» деп сөйлейді екен. Бәрі шынайы. Ол – дзюдо мен самбодан әлемдік деңгейге көтерілген қазақтың тұңғыш балуан қызы, самбодан әлем чемпионатының екі дүркін чемпионы, Азия чемпионы, КСРО чемпионатының күміс жүлдегері, КСРО Кубогының жеңімпазы, самбо мен дзюдодан Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, дзюдодан Қазақстанның бес дүркін чемпионы Айсара КЕРІМБЕКОВА.

Нұржамал ӘЛШ

Кеше

ҚАСҚЫР СОҒЫП АЛҒАН ҚЫЗ

Сәл шегініс. Айсара Керімбекова көпбалалы отбасында дүниеге келген. Әкесі бетінен қақпай ұлша тәрбиелепті. Екеуі ауыл арасында қатынайтын автобустарға ешқашан отырмайтын, екінші ауылға, одан үшіншіге тек атпен жүретін. Ал анасы Қалиланың омырауына Айсара жеті жасына дейін жабысып жатыпты. Есімі әйгілі Қажымұқан Мұңайтпасовтың әжесі Айсарының құрметіне қойылған.

Айсара атқа жайдақ мініп шабатын. Шөмеле-шөмеле шөпті төбесінен асырып лақтыратын, зіңгіттей жігіттер әрең көтеретін арқа-арқа отынды да оп-оңай көтеріп әкете беретін.

Көк аспанды қиқуға бөлеп көкпаршылар тартысып жатқанда қою шаңның ортасында Айсара да жүретін. Ат тұяғының астында, қикудан да қаймықпай, Бәйдіш ағасының түсіп қалған көрпешесін, камшысын көтеріп алып жүретін. Есейсе келе, камшысын көлденең тістеп көкпарға да қойып кетті.

Айсараның оқушы кезінде қасқыр соғып алғаны да үлкен жаңалық болған. Шошқалы жайлауында бір отар қой бағып жүрген болатын. Қой шеті дүр еткенде Айсара атына қарғи мінді. Дауыс шығуы мұң екен, бір қасқыр отардың шетінен сытылып шығып жөнеле берді. Жай кетпей бір-екі саулықты алқымдап үлгеріпті. Айсара қолына құрығын ыңғайлай ұстап алып, соңынан қуа жөнелді. Күйіндай жетіп қатарласа бере камшысымен қайқайта салып өтті. Қиралаңдай тұра берген қасқырды құрықпен салып-салып жіберді. Жойқын соққыдан есенгіреп қалған көкжалды құлақ шеке мен тұмсықты жобалай тағы осып-осып өтті. Осы ерлігі республика асып, Кеңес одағының орталық басылымында жарияланған кезінде.

«МЕНИҢ ҚАРЫНДАСЫМ»

Айсара ата-анасынан жеті жасында жетім қалды. Үйелмелі-сүйелмелі он бала бірін-бірі жетектеп жүріп өсті. Бірде Бәйдіш ағасының Алматыда жеңіл атлетикадан жаттықтырушы болып істейтін Сұлтан Аманжолов деген досы ауасы таза, шөбі көкмайса ауылға демалуға келген көрінеді. Сонда өзі кіп-кішкентай ғана тығыршықтай, шапшаң қимылдайтын Айсараның бір бөшке суды иығына оп-оңай салып алып еркін кетіп бара жатқанын көріп, аузы ашылып қалған екен. Сұлтан «Что за пацан?» деп досына қарайды. Ал досы «Ол менің туған қарындасым» дегенде, тіпті аузы ашылып қалған екен. Содан досы ағасына «қарындасыңды қалаға жібер, алып кетейін» деп жабыса кетеді.

Аманжолов Айсараны қалып кеткен күні-ақ



жатақханаға орналастырады да, жаттығу залынан бір-ақ шығарады. Небәрі он бес күннің ішінде КСРО құрамасына қабылданады. Жұлдызы да бірден жарқырап шыға келді.

ОН ЕКІ ЖЫЛ

Иә, ол бүкіл жастығын спортқа берді. Киноға бару, көшеге қылдыру дегенді білген жоқ. Жаттығу залы мен тұратын жерінің арасын ғана жол қылды. Боз кілемде бақандай 12 жыл күресті. Соның 8 жылы КСРО-ның құрамасында өтті. Кезінде оты, жүрегінде түгі, білегінде күші бар қайтпас қайсар қызды самбоға да, дзюдоға да салды. Қай турнирде де намысты қолдан берген жоқ.

Иә, онымен белдесуге қыздардың бәрі жүрексінген екен кезінде. Себебі, ол боз кілемде берілетін 5 минуттың 15–20 секундында-ақ қарсыласын жамбасқа алып ұратын. Оның «қличкасы» Маугли болатын. Жанкүйерлері де солай атап кеткен. Шалғай ауылдан үлкен қалаға енді ғана келіп, бірден Қазақстан асып, халықаралық дәрежедегі шаршы алаңға топ ете қалған қыз орысша білмейтін. Сондықтан да солай атаған болар дейді өзі.

Турнирлерде жарысқа келген қыздар бір-бірінен «Маугли келді ме?» деп сұрайды екен. Маугли келді десе, жеңістен күдер үзгендей еңселері түсіп кететін көрінеді. Айсараның қос жанары оттай жанып тұратын. Егер қарсыласы сол көзқарасынан сескеніп, бүгежектеп көзін тайдырып әкетсе, онда оның шамасы белгілі деген сөз. Ондайлардың талайын 20 секундқа жеткізбей-ақ омақа асыратын.

АУЛА СЫПЫРУШЫ

Әркім өз жанын өзі бағып кеткен сонау 90-жылдары Айсара жарыстан қалмау үшін аула сыпырған кезі де болған. Өйткені, ол тұста спорт саласы мемлекеттік бюджеттен қаржылындырылған жоқ. Иә, Айсара – аула сыпырып, еден жуып жүріп тапқан қаражатымен Қазақстанға талай жүлде әкелген қарақөзіміз. Осы орайда өмірден озып кеткен Владимир Мамаенко деген бапкерін ешқашан ұмытпақ емес. *«Мен металл жинап өткізем, ал сен аула сыпыр. Сосын тапқан ақшамызды жиып жарысқа барамыз»*, – деп шәкіртін қайрап қоятын. Тіпті, талай турнирге осы жаттықтырушысы өз қаражатымен де алып барған. Қазір осыны жастарға айтсаңыз, сенбейді.

Бірде Ленинград чемпионатында мәскеулік Люба деген қызбен күресті. Сол жолы әдеттегідей өзінің тәсілін пайдаланып, әлгі қызды алып ұрғанда, қарсыласы есінен танып қалады. Бір жылдан кейін Мәскеуде өткен жарыста тағы да сол қызбен күресетін болды. Бұл төрешілердің шешімі ме, әлде жеребе солай түсті ме екен, ол жағын Айсара білмейді. Бірақ боз кілемге тағы да Люба екеуі шығатын болды. Айсара ортаға шыға салысымен секіріп, денесін қыздарып, ұстаса кетуге дайындалып тұрған еді. Любаның күресейін деп тұрған адамға ұқсамайтынын байқайды. Бір кезде ол Айсараның жанына келді де білегінен ұстап қолын жоғары көтерді. Зал гу ете қалды. Осылайша Айсара белдеспей-ақ жеңіске жеткен.

ҮЛКЕН СПОРТТАН НЕГЕ КЕТТІ?

Айсара тумысынан күреске жаратылған жан секілді. Күрестің азабы мен қуанышын қатар көрді. Әрбір кәсіби спортшының алар жарақаты Айсараны да айналып өтпеді. Жамбас сүйегі мен омыртқасы сынып, қозғалуы қиындаған сәттері де есінде. Тіздегі сіңір үзіліп, операция үстеліне жатып шыққаны да бар.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Айсара Керімбекова Павлодарға шақырту алады. *«Спорт кешенінің директоры болыңыз. Үш бөлмелі үй береміз, барлық жағдайыңызды жасаймыз»*, – деді. Бірақ сол жылы ағасы жазатайым мерт болды да, оның артында қалған алты баласын жеткізіп, жетілдіру жауапкершілігін Айсара өз мойнына алады.

Кезінде оны шет елдерге де талай шақырған. Өзі талай жол салған Мәскеу жерінен де аттай қалағандар болды. Сонда Айсара «Өз еліммен ешқайда кетпеймін, мен – қазақпын!» деп кескен. Бірақ әлемдік күрес додаларында қазақтың мерейін талай мәрте аспандатқан, қазақ спортына сіңірген өлшеусіз еңбек сіңірген осынау балуан қызын қазақ елі тиісті дәрежеде бағалай алды ма?..

Ол 30 жастан асқанша күресті. Бірақ әлем чемпионы атағына қол жеткізе алмады. Қайтсем да алтын тұғырға көтерілемін деп, балалы болғаннан кейін де жаттығуын жалғастырды. Бірде спорт комитетінің басшысымен жолығып, тағы да екі-үш жылдай күресуге күш-қуатының жететінін айтты. Қолдау көрсетіп жіберуін өтінді. Сонда оның: «Бала тауып жатқан әйел жалғыз сен бе?! Бәріне көмектесуге міндетті емеспіз», – деген қатқыл сөзі жүрегің мұздатып жіберген. Сол күннен бастап үлкен спорттың есігін тарс жапты.

Сосын базарға шығып кетті. Ұлының кіндік шешесі Дарига үйде нан, самса пісірді, ал Айсара оны апарып сатты. Сөйтіп күн көрді. Әкімдік берген бір бөлмелі пәтердің коммуналдық төлемдерін өтей алмай, оны жалға беріп, ұлын құшақтап жатақханаға шығып кеткен кездері де болған. Бірақ ешқашан сағы сынған жоқ. Халықаралық додаларда тек жеңіспен оралатын қайсар қыз өмірдің қиындықтарынан да жеңілген жоқ.

Көңіліне бір медет тұтаныны, қолы жетпей кеткен белесті кейін Сәуле Ғабдуллина бағындырды. Ол әр жарысының алдында ырым қылып Айсараның белбеуін сұрап алатын. 1996 жылы Қазақстан чемпионатына қатысып, жеңімпаз атанғаннан кейін спортпен қоштасатынын жариялап, күртешесін Сәулеге сыйға тартқаны бар. Сол жылы Ғабдуллина дәл сол күртешемен күресіп, Токиода өткен әлем чемпионатында бас жүлдені олжалады. Сөйтіп, Сәуле қазақ қыздары арасынан алғашқы болып осындай дәрежеге жетті.

Бүгін

КӨКЕ

Оның үлкен спорттан кеткеніне ширек ғасырдан асқан. Әрине, боз кілемді сағынады. Бірақ спорттан алыс жүрген жоқ. Қазір Алматы Архитек-

тура, дизайн және инженерия колледжінде дене шынықтырудан сабақ беріп жүр. Колледжде білім алып жатқандардың дені – қарапайым ауыл балалары. Оларды жаттықтырып, түрлі жарыстарға апарды. Арасында елеулі табыстарға қол жеткізіп жүрген шәкірттері де бар.

Біз колледждің дәлізінде келе жатқанда Айсара Керімбековаға қарсы жолыққан үлкен-кіші түгел амандасып шықты. Үлкендердің бәрі құшақтасып амандасып жатқанда, тіпті таңқалдық. Ұлдардың бәрі дене шынықтырудан беретін апайларымен қос қолдап тұрып амандасады екен.

Айсара Керімбекова, сондай-ақ шаһардағы «Жетісу-2» ықшамауданындағы жеті үйдің басын қосып отырған «Астра» меншік иелері бірлестігінің төрағасы. «Болмаймын, қажет емес» деп қанша қашқактаса да, нарық кезі, айнала қирап, тозып жатқан уақыт. Айсарадай темірдей тәртіпті, сөзін өткізе алатын адам керек болды да, тұрғындар жабылып жүріп үгіттеп, ақыры осы қызметке көндірген болатын. Содан бері осы аулалардың «отымен кіріп, күлімен шығып» жүр. Қарамағында көпәтерлі жеті үй бар. Олардан кіріп-шығатын сан мың адам бар. Сан мың мінез-құлық дегендей. Бәріне бірдей жағу мүмкін емес. Бірақ адалдығымен, табандылығымен, талапшылдығымен жағып жүр.

Аулалардың қарын кыста өзі күрейді, жапырағын да өзі сыпырады, арам шөпті де өзі жулады. Ұлы Данияр бала күнінде «Мама, ұят емес пе, неге аула сыпырасыз?!» деп намыстанып, ренжитін. Сонда шешесі: «Балам, бұл – мен үшін қимыл-қозғалыс, спорт. Оның үстіне, намыстанатын несі бар?! Мен сені осындай адал еңбекіммен жеткіздім» деуден танбайтын. Қазір жалғыз да азамат болды, анасының бір кездері қандай бұралаң жолдармен жүріп өткенін түсінді.

«Осы үйлерді әкемнің үйіндей қараймын, балалар таза жерде ойнасын, үлкендерге де жайлы болсын» дейтін Айсара Керімбекова аулаларды көркейту жұмыстарына кейде ағайын-туыстың балаларын әкеп жауып жіберген кездері де жоқ емес. «Босқа жүргенше, пайдалы іспен айналысыңдар» дейтін ондайда жастарға. Үлкенге де, кішіге де тең қарайтын Айсара апайдың есігінің алдынан да, бір бөлмелі пәтерінен де адам құрғамайтыны сондықтан. Ағайын-туыстың бала-шағасының бәрі оны көке деп кеткен.

Ертең

НЕМЕРЕ СҮЮДІ АРМАНДАП ЖҮР

Ұлы Даниярды үйлендіргісі келеді. Арманы – көп немере сую. Және олардың алғашқысы қыз бала болса дейді. Сосын оны өзінің жолымен тәрбиелегісі келеді. 100 жасап, немересінің алтыннан алқа таққан сәтін көрсем дейді.

Әке-шешесінің, бауырларының, өзінің ізі, үні, күлкісі қалған туған жерге, ауылға деген сағынышы жұдырықтай жүрегіне мәңгілікке ұя салып алғаны соншалық, ауыл туралы сөз бола қалса, көзі нұрланып, әрі қос жанары жасқа толып шыға келеді. Өйткені, ол ауылдан кіндігін үзген емес. Ертең ауылға жол жүрмекші.

Тағы бір арманы бар. Жерлесі Назым Қызайбаймен жүздесіп, «бауырым» деп құшағына басып, спорт сахнасындағы жойқын әдіс-тәсілдер туралы әңгімелескісі, спорт әлеміне деген сағынышын басқысы келеді.

– *Жасыратыны жоқ, қазір спорттың қай саласын алсаңыз да, шетелдік жаттықтырушыларды кезіктіреміз. Оларға біздің түсімізге кірмейтін жалақы төлейді, басына баспанасын, астына көлігін беріп қояды. Ал спорт – ол ең алдымен намыс! Спорттағы жетістікке бастау болатын да сол намыс. Өзге елдің маманы қазақ спортының намысын жыртады дегенге сенбеймін*, – деген ойын да жасырып қала алмаған біздің кейіпкеріміздің қазақ спортындағы есімі де, жеңісі де дара. Бұл сөзсіз! Ендеше, ащы терін шүмектегіп төксе де, ешкімнің есігін қағып барып ештеңе сұрамаған, бүгінде өзінің қонырқай тіршілігін кешіп жатқан қазақтың арлы қызы Айсараның әлі күнге мемлекеттік дәрежеде бір марапат алмағаны қалай? Осынау тұғыры биік есім иесін қадірлей алсақ, бағасы да бөлек болар ма еді. Биылғы жаз 60 жасқа толады. Біздің Айсара Керімбекова қандай құрметке де лайықты!

АЛМАТЫНЫҢ ЖҮЛДЫЗДЫ АРУЛАРЫ



Қарашан Есдәулетова
– дзюдо мен самбодан Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы.



Жансея Әбдімәлік
– шахматтан бес дүркін әлем чемпионы, гроссмейстер.



Александра Сәдуақасова
– оқ атудан ISSF World Championship 53-ші әлем чемпионы.



Алина Ертостік
– Испанияда әйелдер күресінен U23 жастар арасында халықаралық турнир де 76 келі салмақта күресіп 1 орын иеленді.



Жібек Құлымбетова
– джиу-джитсу мен грэпплингтен 11 дүркін әлем чемпионы.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталды

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 10 айға – 6134 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 10 айға – 13 156, 20 (қала), 8034 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 10 айға – 3934 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ИЛИАС ЕСЕНБЕРЛИН – 110



ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ

Сапарғали Бегалин атындағы балаларға арналған кітапханада биыл туғанына 110 жыл толған көрнекті жазушы Илияс Есенберлинді еске алуға арналған «Қазақ тарихының жаршысы» әдеби-сазды басқосу ұйымдастырылды.

Әдеби іс-шараға Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің студенттері мен И.Нүсіпбаев атындағы №4 мектеп-интернатының оқушылары мен ұстаздары қатысты. Мәдениеттанушы Бердалы Оспан қаламгердің өмір жолына шолу жасап, қазақ әдебиетінің тарихында бүгінге дейін ең көп роман жазған жазушы екенін атап өтті. «Айқас», «Қатерлі өткел», «Маңғыстау майданы», «Ғашықтар», т.б. романдары қазақ әдебиетінде бұған дейін көтерілмеген мәселелерді қозғаған жаңа леп, соны серпін әкелген туындылар екенін алға тартты.

Философ, көсемсөзші Әбдірашит Бәкірұлы І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы қазақ халқы өмірінің XV-XIX ғасыр аралығындағы оқиғаларды, даму тенденциясын, халықтың басына түскен ауыртпалық пен қиындығын паш еткен ауқымды шығарма екенін айтты. «Халық арасынан шыққан батыр, жырау, мемлекет қайраткерлерінің образдары шынайы суреттелген І.Есенберлиннің прозасы түгел дерлік орыс тіліне аударылып, жазушының еңбегі жогары бағаланды. Есесіне, қазақтың көркем әдебиетіне 19 роман сыйлады», – деді Ә.Бәкірұлы.

Ал журналист Гүлжанат Шонабай қарасөз шеберінің тарихи роман жанрының негізін қалаушы, сол арқылы қазақ халқының салт-санасын, ұлттық рухын жаңғыртуға үлес қосқан тұлғалық қасиетіне тоқталды. Өмірден ерте кеткен айтыскер ақын Оразалы Досбосынов атындағы әдеби орталықтың бір топ дарынды жастары аға буын алдында өз өнерлерін паш етті. Әдеби-сазды кешті кітапхана жетекшісі Алма Қонарова қорытындылап, келген қонақтар мен белсенді қатысқан жастарды Алғыс хатпен марапаттады, сыйлыққа естелік кітаптар ұсынды.

ҚАДЫР МЫРЗА-ӘЛІ – 90

«СӨНБЕС СӘУЛЕ»

Әдеби-сазды кеш Қадыр ақынға арналды

«Алатау» дәстүрлі өнер театрына қарасты көру мүмкіндігі шектеулі жандардың мәдени демалысын ұйымдастыру бөлімінде Қазақстанның халық жазушысы, ақын Қадыр Мырза-Әлінің 90 жылдығына арналған «Сөнбес сәуле» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Халқымыздың арда азаматы, қазақ поэзиясының ойшыл ақыны Қадыр Мырза-Әлі шығармашылығының шоқтығы биік. Ол ғажап теңеулер келтіріп, философиялық оймен түйін түйе арқылы қазақтың қара өлеңін биікке көтерді. Концертті бөлім өнерпаздарынан құралған «Атамұра» ұлт-аспаптар ансамблі тамаша күймен ашып, көркемдік жетекші Гүлмира Бөбешікова әдеби-сазды іс-шараны ақын өміріне шолудан бастады.

Қадыр Мырзалиевтің ең алғашқы оқыған кітабы – «Қырымның қырық батыры». «Бұл қарапайым халық оқитын ауылдағы ең сүйікті кітап болды. Бұл еңбекте аталған дастанға қоса қазақ халқының аңызы мен қиссасы, эпосы мен ертегілері жинақталған болатын», – деп жазды ақын Қадыр бір естелігінде.

Ақынның жазушылық қасиетін танытқан ірі еңбектері «Иірім» мен «Жазмыш» – Адам атты жұмбақ жан иесінің тағдыр-талайына сын көзбен, соны көзқараспен қараған соны дүниелер. Тумысынан пәлсапасы мол Қадырдың әр өлеңі – ақылды шешіммен түйінделген әдеби мұра, сонысымен де құнды, мәңгілік. Қарапайым адами құндылықты дәріптеген ақынның:

«Бүгін көңіл семірді ғой, семірді,
Бітік егін жауып кетті өңірді.
Бір жүз грамм арақ емес, бір кезде,
Бір үзім нан алып қалған өмірді», –

деп келетін өлең жолдары мұқым қазақтың жүрегін тебіренер шыңдық.

Сөз алған қадірлі қонақтар – мәдениеттанушы Бердалы Оспан мен тіл жанашыры Рәбиға Үмбетбаева Қадыр ақын феномені жайлы толғанып, қызықты естеліктерімен көрермен көңілін бір серпілтті. Өншілер – Бәтима Сағынғалиқызы, Әспеткүл Айтжанова, Светлана Тоқабаева, Айжан Жолдыбекова Қадыр ақынның өлеңіне жазылған Шәмші Қалдаяқовтың әндерін шырқаса, бөлім жетекшісі – ҚР мәдениет қайраткері Ғазизхан Әділханов композитор Ескендір Хасанғалиевтің атақты «Атамекен» әнімен әсерлі кешті тәмамдады.

Әзірлеген Айнабай МӘДИ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Құрмет белгісі» орденді көз аурулары Қазақ ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, 2025 жылғы 24–28 ақпан аралығында бірыңғай экологиялық порталда (Ecoportal.kz) көпқабатты тұрғын үй құрылысы» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» (ҚОҚ) бөлімі бойынша ІІІ санат үшін жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады. «Көз аурулары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС «Қазақ «Құрмет белгісі» орденін қабылдау блогын кеңейту (кеңейту, аурухана) мекенжайы бойынша: Алматы қ., Алмалы ауданы, Төле би к-сі, 95 А (құрылыс мерзімі 9 айды құрайды) (сыртқы инженерлік желілерсіз және сметалық құжаттамасыз). Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады. Тапсырыс беруші: «Құрмет белгісі» орденді көз аурулары Қазақ ғылыми-зерттеу институты» ЖШС БСН 990240009173. «КаспианГеоПроектИнжиниринг» ЖШС жобалаушысы. «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің әзірлеушісі: «БиК Экологджи» ЖШС. Тел.: +7 777 113 57 57.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA

ДӘСТҮР

«АҚ КИМЕШЕК – АНАЛАР АМАНАТЫ»

Алматыда ұлттық құндылықтар дәріптелді



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК

1 ақпан – Халықаралық орамал мерекесіне орай «Қазақ аналары – дәстүрге жол» РҚБ Алматы және Алматы облысы филиалдарының ұйымдастыруымен шаһарда тағылымды жиын өтті.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Іс-шара мақсаты – қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын қайта жаңғырту, отбасылық құндылықтарды дәріптеу. Ұлттық бірегейлікті сақтау жолында дәстүр мен ғұрыпты, заманауи ұлттық киім мен ана тілін жүйелі жаңғыртып, жастарға тәрбие беру. Бағдарлама аясында салт-дәстүрден көрініс-қойылымдар, кимешек үлгілері, шылауыш, күндік орау әдістері көрсетілді. «Қайран біздің аналар, арды ойлаған» көрмесіне өз заманында кимешек, жаулық, орамал таққан әже, ана, жеңгелеріміздің суреттері ілінді, ән-жырдан шашу шашылып, ақ бата беруден, жұмбақ шешуден, жаңылтпаш айтудан жарыс ұйымдастырылды. Сонымен қатар, дәстүрді берік ұстау, қоғам арасында насихаттау, өткенді ұмытпау, болашаққа нық қадам басу сияқты келелі ой-пікірлер айтылды.

Бұл – «Қазақ аналары – Дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігі – ҚР Президенті жанындағы «Әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия» мүшесі, Мәдениет үздігі Айнұр Серікқызы Жүгінісованың авторлық жобасы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ләйле ДӘУЛЕТ,
«Қазақ аналары – дәстүрге жол» РҚБ
Алматы және Алматы облысы филиалдарының
төрайымы:

ӘДЕТ-ҒҰРЫПТЫҚ РӘСІМДЕР КӨРСЕТІЛДІ

1 ақпан бұл – «Халықаралық орамалдар күні» болып бекітілген. Біз өзіміздің үрдісімізге сай, қазақтың дәстүр-салты, ақ кимешек, ақ орамалдың қадірі, қыз баланың өсу реті, бәрі-бәрін дүйім жұртқа көрсетіп келеміз. Негізгі мақсат-мүдде – қазақтың әдет-ғұрпын, салт-санасын өскелең ұрпаққа түсіндіру. Жиынның аясында салт-дәстүрлеріміз дәріптелді, ән-жырдан шашу шашылды, қазақтың әдет-ғұрыптық рәсімдері көрсетілді. Мұндай жиындар ұлттық болмысты сақтайды.

Нағима ОСПАНОВА,
жиынға қатысушы көпбалалы ана:

МАҚСАТ – РУХАНИЯТТЫ ЖАҢҒЫРТУ

Біз Алмалы ауданының атынан осы іс-шараға қатысып отырмыз. Өзімнің 11-12 жас аралығындағы қызымды қатыстырдым. Жасөспірім шақтағы шаш өру үлгісі, тақия кию, камзол кию сияқты бірқатар құндылықтарды дәріптей түсу керек. Мақсатым – көнеден, ата-бабамыздан жеткен салт-дәстүрдің жаңғыруына, руханиятты жаңғыртуға үлес қосу.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН

Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.



3 ҚЫРКҮЙЕК – ҚАЗАҚЫ ИТ ТҰҚЫМДАРЫ КҮНІ

ТАЗЫ МЕН ТӨБЕТ

Елімізде қазақы ит тұқымдары күні белгіленді

Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Тазы мен төбет сынды қазақы ит тұқымдары бағалы құндылығымыз ретінде дәріптеліп, айрықша мән берілуде. Енді елімізде тазы мен төбетке атаулы күн де белгіленді. ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі мәлімдеме жасап, 3 қыркүйек «Тазы мен төбет күні» деп белгіленгенін жеткізді.

Тазы мен төбет – қазақтың байырғы көшпелі өмір салтында ғасырлар сұрыпталып жетілген ит тұқымдары. Құмай тазының жүйріктігі, батыл да өжеттігі, алғырлығы сал-серілердің салтанат құрған дәуірінде небір ұлы шығармаларға арқау болғаны бар. Тіпті, айтулы қаламгер М.Мағауин өзінің белгілі шығармасында әйдік тазының өлімін бір ұлттың басындағы қасіреттің көрінісі ретінде суреттейтіні бар.

Ал адуынды мінезді, өзі сак, күшті әрі темірдей төзімді, иесіне шексіз адал қазақы төбет те байырғы тұрмыс-тіршілік кезеңінен жетілдірілген ит тұқымы. Оны көбінесе сақыман күзетіне, отар қостың амандығына пайдаланған.

Қоралы қойын, қонған қонысын түз тағысынан қорғау да «Бөрібасар», «Құттыаяқ» секілді төбеттерге жүктелген. Төбет тұқымы да халқымыздың бай әдебиеті мен фольклорынан кеңінен орын алған. Итті Жеті қазынаның біріне балаған халықтың тазы мен төбетті төл құндылығы ретінде дәріптеуі де ұлттық кодты табуға бағытталған игі қадамдардың бірі деуге болады. Аталған министрліктің ресми мәліметінде, Үкіметтің 2017 жылғы 31 қазандағы қаулысына өзгерістер енгізіліп, Қазақстандағы мерекелік күндер тізімі деген тармақпен толықтырылғаны айтылды. Министрлік өз мәлімдемесінде бұл мерекені енгізу – қазақ халқының

мәдени мұрасын, тарихын және дәстүрін дәріптеуге бағытталған маңызды қадам екенін атап көрсетіп отыр. Сондай-ақ, еліміздегі бұл мереке туризмге де әсерін бермек. Себебі, әлемде этнография мен ұлттық мәдениетке қызығатын туристердің саны да едәуір.

«Тазы мен төбеттің маңызын арттыру, кинология саласын дамыту және онымен байланысты салалардың өркендеуі жаңа жұмыс орындарын ашуға, салықтық түсімдерді арттыруға және экономикалық өсімге оң әсерін тигізеді», – деп атап өтті министрлік.

Қазақы ит тұқымдары күні аясында дәрістер, семинарлар, көрмелер мен жарыстар ұйымдастырылады. Бұл шаралар ит асыраушылар мен кинологиялық ұйымдарға тәжірибе алмасуға, қазақы ит тұқымдарының ерекшеліктерін зерттеуге және оларды сақтау мәселесін көтеруге мүмкіндік береді.